



АҚСАҚ АУДАРМА



БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ...

Қарағандыда қала көшесін көптен бері жаяу араламағандықтан ба, басты көшеміз Бұқар жырау даңғылының өзін жатырқап қалғандай жайымыз бар екен. Шүпірлеген жазу қаптапты. Қызылды-жасылды болып көзіңді арбайды. Керме жазу, қабырға жазу, бүйір жазу, жарықты жазу, талтаймалы жазу, жылжымалы жазу...

Жарнама екені түсінікті. Қалай сіздің қалтаңызды қағам дейді. Бәрі дұрыс-ау, тек жарымжандығы көңілге қаяу түсіреді.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ғалымжан МЕЛДЕШ:

ТЕРМИН ТАЛДАУДА БЕЛСЕНДІ ЕМЕСПІЗ

«Фонтан, пианино, фортепиано, балкон сөзі ауызекі тілде «шаптырма», «бұрқақ», «су бұрқақ», «күй сандық», «кылтима» ретінде қолданылады. Біз оларды бекіткен жоқпыз. Сондықтан да аудармасын емес, халықаралық атауын пайдаланған жөн. Дегенмен егер барлық тілден, әсіресе Батыстан еніп жатқан сөзді аудармай қалдыра беретін болсақ, бірнеше жылдан кейін үлкен мәселеге ұрынарымыз сөзсіз. Біз қазақтың мінезіне, діліне, қабылдау түсінігіне қарамастан, сөзді шама келгенше аударуымыз керек.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЛҒА



Әз-аға

Әз-аға аса ұқыпты еді. Қайда, қандай жағдайда болсын сөйлейтін сөздерін машинкадан өткізіп алып жүретін. «Мұныңыз қызық екен?» дегеніме: «Кейін керек болады» деп жымиятын.

(Толығырақ 9-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

54,13



DOLLAR

313



EURO

334,5



РУБЛЬ

5,6

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 5-бетте)

Билік



ЖОЛСЫЗ ЖЕРДЕН ЖОЛ АШТЫҚ

Әзірбайжанға жасаған ресми сапарынан кейін түбекке табан тіреген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар әлеуметтік-экономикалық маңыздағы нысандардың ашылуына қатысып, жұмысымен танысты. Сейсенбі күні облыс орталығында Маңғыстау өңірінің жұртшылығымен кездесіп, аймақтың алдағы даму бағытын талқылады.

Жиында сөз сөйлеген Елбасы киелі Маңғыстау өңірінің халқымен қауышқанына қуанышты екенін жеткізді. Дүние жүзінде болып жатқан дүрбелең оқиға, жер-жаһандағы қаржылық-экономикалық өзгеріс біздің елге де ықпалын тигізетінін, мұнай бағасының құлдырауы салдарынан бір жылдың ішінде бюджетке түсетін қаржы 3 есеге төмендеп кеткенін айтты.

Н. Назарбаев «Тәуелсіздік жылдарында қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған өңірдің экономикасы қарқынды дамылды. Тәуелсіздік алғаннан бастап өңірлік жалпы өнім 32 есе өсті. Жалпы өнім жан басына шаққанда 3,5 млн теңге болды. Бұл — еліміздегі ең жоғарғы көрсеткіш. 2016 жылы өңірге 400 млрд теңге инвестиция тартылып, 2000 жылмен салыстырғанда 12 есеге артты. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынған жол ұрпағымыздың болашағына қажет. Маңғыстаудағы орташа еңбекақы — 275 мың теңге. Бұл еліміздегі ең жоғарғы көрсеткіш», — деді. Демографиялық өсім жағынан көш бастап тұрған Маңғыстауда жылына 20 мың бала өмірге келеді. Осының бәрі — Тәуелсіздіктің тартуы. Тәуелсіздік жылдарында облыс тұрғындарының саны екі есеге артып, 640 мыңнан асты. Осы уақытта Маңғыстау өңіріне 125 мыңнан аса қандасымыз оралды. Маңғыстаудан теміржол, автокөлік жолы, әуе жолы ашылып, өңірдің тынысы кеңейді. Жоспарға сәйкес 2020 жылы жүк тасымалдаудан 5 млрд доллар қаржы түседі. Сөйтіп, жолға, портқа салған қаржы

қайтарылмақ. Ақтаудан қазір Парсы шығанағына, Ресейге, Әзірбайжанға, Иранға жол ашылды. Әзірбайжанмен тауар айналымы 5 есеге өсті.

Елбасы Маңғыстау облысының елеулі энергетикалық, өнеркәсіптік және көлік-логистикалық әлеуеті бар екенін айтты. Президент «Еуразияның дәл ортасында орналасқан еліміз әрдайым құрлықтағы ел болып саналып келді. Бүгінгі таңда біз құрлық ауқымымен шектеліп қалмай, томағатұйықтық шеңберін бұздық. Ақтауда заманауи теңіз портын салдық, бейнелеп айтқанда, «жолсыз жерден жол аштық» — деді.

Мемлекет басшысы құм мен тасты, өзен сулары тартылып қалса да ғылым мен білімнің арқасында шаруашылығын дамытып, біздің елімізге көкөніс өнімін импорттап отырған Израиль мемлекетін мысалға келтірді. Маңғыстауға жылыжай салуды, суды үнемдейтін тамшылата суару әдісін қолданып, егін шаруашылығын дамытуды тапсырды.

Елбасының айтуынша, қаладағы жаңа шағынаудандарда үйдің бәрі бір-біріне ұқсайды. «Жасыл желек, ағаш жиі өспейтіндіктен, үйлер сән-салтанатымен ерекшеленіп тұруы тиіс. Қаланың сәулеттік дамуының бас жоспары болуы керек. Көшені көгалдандырып, шағын және орта бизнесті дамытқан абзал. Қалаға демалуға келген халыққа жағалаудан арнайы демалыс орны салыну қажет», — деді Елбасы. «Білім мен ғылымды, қаржыны, инвестицияны сала отырып, индустрияны дамытып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруымыз қажет. Мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы үшін бірігіп еңбек етейік», — деп өз ойын түйіндеді. Елбасы өңірге жұмыс сапары аясында «Маңғыстау-Арена» көп қызметті спорт кешенінің, «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының және оның аумағында жуырда іске қосылған жобалардың қызметімен танысты.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

Әлеумет.т⁰



Телебағдарламаларға тапқырлар клубының әзілкештерін ғана емес, қазақы қалжыңның майын тамызып, өнердің бел ортасында жүрген сатириктер мен сықақшыларды тарту керек.

Депутаттық сауалыма сайлаушылармен кездесу барысында жұртшылық тарапынан казактілді телеконтентке қатысты айтылып жүрген ой-пікір негіз болып отыр. Әсіресе әзілді

танымды түрде насихаттауға болады. Ал әдепсіз әрі сапасыз әзілге мұндай миссия арту қорқынышты. Ол тек теріс нәтиже әкелмек. Бейәдеп әзілдің қауіпті жағы тағы бар. Олар ұлттық құндылықты карикатураға айналдырады, құнын түсіреді.

Әзіл бағдарламаларының еліміздегі рейтингі ең жоғары телеөнімдер қатарына жататынын ескеру керек. Олар эфирдің негізгі қозғалтушы күші,

БЕЙӘДЕП ӘЗІЛ ҚАУІПТІ

әжуаға, күлкіні сайқымазаққа айналдырған әзіл-сықақ бағдарламасына көп сын айтылады. Жайдары күлкі жан саулығы десек те, алайда отандық телеарналардан берілетін әзіл-қалжың сапасының төмендігі алаңдатады. Орынсыз әрі жалған күлкі, ұлттық құндылықтарды келемеж ету, қысыр сөздер, бос қылық, ыржалақ, әдепсіз мазактар әзілдің қадірін кетіруде.

Көптеген елдерде әзіл-оспақ телебағдарламалары таптырмас, тамаша идеологиялық құрал. Әзіл-қалжың телеөнімі өткір, бірақ жарасымды. Сыни, бірақ шынайы сықақтар мен әзіл-оспақтар өмірде болып жатқан оқиғаны, өзекті мәселені және ұлттық ұстанымды түсіндіреді.

Отандық бағдарламаларға көбінесе қисынды қағытпа қалжың, ойнақы да орынды әзіл, контексті астарлап, әзіл түрінде ұтқыр жеткізетін ұшқыр ой мен тапқырлық, шешендік жетіспейді. Әдемі әрі орынды әзіл арқылы халық, соның ішінде жастар арасында жалпыұлттық идеяларды да, мемлекеттік бағдарламаны да ілгерілетуге, түсінікті әрі

олар тіпті интернет аудиторияға да кең тарайды.

Айтылғандарды назарға ала отырып, келесі мәселеге назар аударуды сұраймын. Біріншіден, осы бағыттағы телебағдарламаларға көңілділер мен тапқырлар клубының әзілкештерін ғана емес, мәдениет саласындағы көрерменге риясыз күлкі сыйлап жүрген, қазақы қалжыңның майын тамызып, өнердің бел ортасында жүрген сатирик пен сықақшыларды, маман сценарис пен жазушыларды кенінен тартуға көңіл бөлген жөн.

Екіншіден, отандық сапалы әзіл-сықақ және ойын-сауық телеөнімдері өндірісін дамыту мақсатында ақпарат және коммуникациялар мен мәдениет және спорт министрлігі бірлескен шараларды әзірлеп, қабылдау мәселесін қарастыруды ұсынамын.

Бакытбек
СМАҒҰЛ,
Мәжіліс
депутаты

(Депутаттық
сауалынан)



Мәселе

ҚАЗАҚША ОҚУЛЫҚ ҚАЖЕТ

Ресейдегі таулы Алтай өңірінде тұратын қандастарымызды қазақ тілінде жарық көрген оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесін шешу керек. Әйтпесе, мектептерде ана тілінде оқытылатын пәндер жабылып қалуы мүмкін. Бұл туралы кеше Сенат отырысында депутат Қуаныш Айтаханов мәлімдеді.



Осы аймақтағы Қосағаш ауданында 12 мыңдай ағайын тұратынын атап өткен депутат мұнда қазақ мектебі жоқ екенін, тек пән ретінде өткізілетінін тілге тиек етті. Дейтұрғанмен, Қазақстаннан тегін жеткізілетін оқулықтардың өзі шаң басып жатады. Өйткені, Ресей заны бойынша сараптамадан өтпейінше,

қолданысқа тыйым салынған. Ал терістік көршімізде қазақ тілінде оқулықтар шығарылмайды. Сондай-ақ оқулығы жоқ пән білім беру бағдарламасынан алынып тасталады. Қ.Айтаханов осыған орай, бұл мәселе үкіметаралық деңгейде шешілсе, тек аталған аудандағы қандастарға ғана емес, Ресейдегі 1 миллионға жуық қазақша шапағаты тиер еді деген пікірде.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

5,2

млрд теңге. Жоғарғы сұранысқа ие автокөлік нөмірінен түскен пайда

4

млн теңге. Астанада алаяқ туристерді тақырға отырғызып кетті

60

мың теңге. Ақтөбелік келіншек баласын осынша ақшаға айырбастаған

Сөз-Жебе

Бақытжан
САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:



«Қанша қаржы бөлінсе де, тасқын су мәселесі шешілмеді. Министр Қасымовтың (ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов – ред) ұсынған слайдынан көргеніміздей, алты жылда жергілікті бюджеттен 17,9 млрд теңге, республикалық бюджеттен 30 млрд теңге бөлінген. Жанымызға батқаны талай азаматымыздан айырылып қалдық. Адам өмірін ешқандай ақшамен өлшей алмайсыз. Сол себептен әрдайым апаттан кейін ақша бөлуді сұрамай тұрып, кімде қандай мәселе бар екенін бірден айтып, шешуге тырысайық»

Бұл туралы аталған министрліктің баспасөз қызметі хабарлады. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың болашағы мен бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін талқылады.

Медиа өрісін кеңейту

Кездесу нәтижесінде еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрлігі мен BBC Worldwide корпорациясы арасындағы меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында редакциялық жоспар алмасуға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру, алқақы жиын өткізу, ұлттық және аймақтық БАҚ үшін лекция ұйымдастыру, сонымен қатар еліміздің туристік және инвестициялық әлеуетін арттыру көзделіп отыр.

БАҚ

Әлемдегі беделді ақпарат құралдарымен қарым-қатынас жаңа деңгейге көтеріліп келеді. BBC корпорациямен жасалған уағдаластық мұның айқын дәлелі. Еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияда BBC Worldwide басшылары Шон О Хара және Сергей Становкинмен кездесіп, өзара байланыс мәселесін талқылады.



Бұл қалай?



Наталья ЖҰМАДІЛДАЕВА,

Мәжіліс депутаты:

Мектепке дейінгі мекемедегі жалпы орын саны 814 140. Ал есепте балабақшамен қамтылғандар – 807 170. Демек, еліміз бойынша мектепке дейінгі мекемеде 6970 орын бос. Осы ретте мынандай сұрақ туындайды. 160 мыңнан астам бала мектепке дейінгі мекемеге бара алмай отырғанда, шамамен нәліктен 7 мың орын бос тұр? Бұл есептеуден кеткен қателік пе?

Әлде мектепке дейінгі мекемеге кезекке тұру және жолдама алуды бекіту жөніндегі мемлекеттік қызметті есепке алу жүйесіндегі кемшілік пе?

Біздің
сұхбат

— Терминология комиссиясы бекіткен терминнің жалпы саны 18 мыңға жеткені осы аптада өткен баспасөз мәслихатында айтылды. Осы терминнің қанша пайызы қоғамға сіңісті, қаншасы қолданысқа енбеді? Жалпы қабылданған терминнің қаншауы қайта қаралуы мүмкін? Бұл жайында арнайы тізім жасала ма?

— Тілімізге термин біртіндеп еніп, сіңісіп жатады. Олар белгілі бір ғылым, техника, өнер және басқа да қоғам саласындағы ұғымның атауы болғандықтан, көпшілік қауым барлық терминді пайдаланбайды. Бірінің мағынасын білсе, екіншісін білмеуі мүмкін. Осы ретте, ауызекі тілде бір терминнің бірнеше нұсқада қолданылуы орын алып жатады. Бүгінде республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминнің бірі қажеттілікке қарай белсенді қолданылса, басқасының қолданылу жиілігі төмен. Комиссия бекіткен терминді арттырудағы негізгі мақсат — оның бірізді қолданылуын қамтамасыз ету. Сол себепті комиссия отырысында қаралған терминнің басым бөлігі қолданыста бар.

Негізінен, комиссия бекіткен термин қолданысқа еніп, тілімізге сіңісіп жатады. Дегенмен, бекітілген терминнің орнына қоғамда «үйреншікті» орысша баламасы» қолданылып жүретін жайт та кездеседі. Бірақ ондай термин көп емес.

Бекітілген терминге ғылыми тұрғыдан мониторинг жасалынып отырады. Мониторинг негізінде анықталған қайта қарауды талап ететін термин комиссияға қайта қарауға ұсынылады. Алдағы жылдары бекітілген терминнің ұлттық стандартын әзірлеу жоспарланып отыр. Осы жұмыс барысында салалық терминге жан-жақты талдау жасалады.

— Кезінде қазақшаға аударылған (класс-сынып, процент-пайыз, фонган-субуркак) біраз сөз бұрынғы нұсқасына қайта оралып жатыр. Мұның кейбірін халық күнделікті өмірде қолданып та жүр. Қоғам қабылдап үйреніп қалған сөзді қайта қалпына келтіретін болсақ,

(Басы 1-бетте)

МӘСЕЛЕН, «АВАРИЯ» СӨЗІН БІЗ «АПАТ» ДЕП АУДАРЫП ЖҮРМІЗ. «АВАРИЯ» – ЗАҚЫМ КЕЛТІРУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕТІН АРАБ СӨЗІ. СОЛ СЕБЕПТІ БІЗ ӘР КЕЗ САЙЫН СӨЗДІҢ ТҮП-ТӨРКІНІНЕ МӘН БЕРІП, МАҒЫНАСЫНА САЙ АУДАРМА ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК. БҰЛ ТУРАЛЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫТУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ЖҰМЫС КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАЛЫМЖАН МЕЛДЕШ МӘЛІМ ЕПТІ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ АУДАРМАНЫҢ ҚАТЕГЕ ТОЛЫ ЕКЕНІН БІЗДІҢ ГАЗЕТ ЖИІ ЖАЗАДЫ. ТИІСТІ МЕКЕМЕДЕН НЕ СЕБЕПТЕН ҚАТЕ ЖІБЕРГЕНІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАУАП АЛЫП ТА ЖҮРМІЗ. БҰЛ САУАЛДЫ ҒАЛЫМЖАН МЕЛДЕШКЕ ДЕ ҚОЙЫП КӨРДІК.

ҒАЛЫМЖАН МЕЛДЕШ:

ТЕРМИН ТАЛДАУДА БЕЛСЕНДІ ЕМЕСПІЗ

шатасып, тіл шұбарлығы одан сайын өршіп кетпей ме?

— Үкімет жанындағы республикалық терминология комиссиясы бұрын бекітілген терминді қайта бекітуге әуес емес. Бірнеше нұсқада қолданылып, түрлі келеңсіздік тудырған бірқатар термин комиссия отырысында қаралып, бекітілген болатын. Бұл терминнің қатарында комиссия бұрын бекіткен термин жоқтың қасы.

Комиссия бекіткен термин бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отырады. Өткен жылы бекітілген термин көпшілікке қолжетімді болуы үшін termincom.kz сайты ашылды. Сонымен бірге кез келген термин тілге біртіндеп енетіндіктен, бекітілгеннен кейін термин алғашқы уақытта жарыспалы түрде қолданылуы мүмкін. Бұл — тілдік құбылыс.

Қазіргі уақытта ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тез таралатыны белгілі. Сондықтан жаңа нұсқадағы терминнің қолданысқа енуі ұзақ уақытты талап етпес. Бұл іске журналистер де өз үлесін қоса алады. Өйткені халықтың басым бөлігі газет-журналдан

оқығанды, теледидар-радиодан естігенді үлгі тұтады.

— Терминді қазақшаға аударуды жұрт талқысына саласыздар. Оған отандастарымыз қаншалықты белсенді араласады?

— Бекітуге ұсынылатын терминді талқылауға халық белсене қатысады деп айта алмаймыз. termincom.kz сайтында комиссияға бекітуге ұсынылатын термин алдын ала жарияланып отырады. Бірақ ұсыныс аз.

Терминжасам мәселесі ғылыми негіздеуді талап ететін сала. Сондықтан бұл іспен, негізінен, ғалым мен сала маманы айналысады. Әрине, шет тілінен еніп жатқан терминге қатысты халық арасынан ұтымды балама ұсынылса, қазақ терминологиясын дамытуға ықпал етер еді.

— Терминология комиссиясының құрамын жасақтауды қалай іріктегісіздер?

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

— Қоғамдық өмірдің барлық саласының термині бар. Салалық терминді, негізінен, сала маманы жасайды, қалыптастырады.

Президент Әкімшілігі редакциялау бөлімінің және Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, редакциялау бөлімдерінің басшысы енгізілген.

— Көше жарнамасы мен хабарландыру тактасында қателік өршіп тұр. Оны дұрыстау кімнің құзыретінде? Бұл мәселе қалай шешім тауып жатыр?

— Арнайы Заңның деректеме мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыретіне кіреді.

Бұл бағытта жергілікті атқарушы орган өңірдегі деректеме мен көрнекі ақпараттың сауаттылығын қадағалау, тілін реттеу, жүйелеу, оның заңнама талабына сай рәсімделіп, орналасуы бойынша үгіт-насихат, құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу, сонымен қатар оның жай-күйін қадағалау мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізіп тұрады.

Жалпы 2016 жылы еліміз бойынша 21 952 нысан бақылауға алынып, 6559 заңбұзушылық анықталған. Оның 5115 Заңға сәйкес түзетілді.

Сұхбаттасқан
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

Ақсақ аударма

(Басы 1-бетте)

45-ші орамның екі жағы да жыпырлаған жазу. Қаптаған ломбард пен ломбардиялар. Соның бірінде сауда деп, екіншісінде сатылым деп жазды. Орысшасына көз жүгіртсек, мұнымыз «торг» сөзі екен. Мен білсем осы екі тәржімада да ауытқушылық бар. Сатылымымыз «торгтен» гөрі «распродажаға»

sogood” деп ағылшынша жазылыпты. Оның жанына қаскитып тұрып «Жақында ашылуы» депті. Орысшасы «Скоро открытие». Мұнысы тәуір екен дедік. Өйткені әлгі қаржылық орталықтан «Біз ашылдық» деген жазуды оқығанбыз. Ертең жабылып қалса «Біз жабылдық» деп жаза ма? Сонда қалай, «бізіміз» ашылып, жабылып тұратын есік немесе терезе болғаны ма? «Скоро

открытиенін» жатық аудармасы «Жақында ашылады» емес пе?! «Сити-Молдың» алдындағы жарнама такталары жетерлік. Соның бірінде «Ағылшын тілі барлығы үшін» деп



келеді. Ал «распродажанын» тәржімасына қарасаныз, «жаппай сатылым» дейді.

Біздің пирамидамыз бүгінде асханаға айналған. Оның дастарқан мәзіріне көз жүгіртсеңіз, өзіңіз шатысып қаласыз. Дегенмен «пельменді» құлақет дегені құлағымызға жағалы.

Соның жанында «Дамежан» сауда үйі орналасқан. Атауын «Дамежан» деп өзгертіңіздер дегенімізбен оны естіріп құлақ болмай тұр. Одан кейін «Франция үйі» орналасқан. Орысшасына үнілсек, «Французский дом» деп тұр. Олай болса мұның тәржімасы «Француз үйі» болу керек еді ғой. Соның дәл іргесінде «Облако» деп аталатын орталық ашылыпты. Астына «Қаржы қызметтерін көрсететін орталық» деп жазылыпты. Түсініксіздеу екен, банкке қатысты мекеме болды-ау шамасы деп орысшасын іздейік. финансовых

«Центр услуг» деп жазылыпты. «Қаржылық қызмет көрсету орталығы» емес пе?!

Оның қарсы бетінде «Орхидея» орын тепкен. Шамасы гүл сататын жер болса керек. Сондағы жарнама еріксіз назар аудартады. «Барлық отбасыға арналған киім және аяқ киімдер» деп жазыпты. Дұрысы «Отбасының барлық мүшесіне...» болу керекті.

Одан кейін «А» сыныпты «Сити-молл» сауда орталығы орналасқан. Соның қаға берісінде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оларын шарбақ жүргізіп, қанылтырлап далдалап қойыпты. Оған да жазуды шүпірлетіпті. «KFC

сogood” деп ағылшынша жазылыпты. Оның жанына қаскитып тұрып «Жақында ашылуы» депті. Орысшасы «Скоро открытие». Мұнысы тәуір екен дедік. Өйткені әлгі қаржылық орталықтан «Біз ашылдық» деген жазуды оқығанбыз. Ертең жабылып қалса «Біз жабылдық» деп жаза ма? Сонда қалай, «бізіміз» ашылып, жабылып тұратын есік немесе терезе болғаны ма? «Скоро

открытиенін» жатық аудармасы «Жақында ашылады» емес пе?! «Сити-Молдың» алдындағы жарнама такталары жетерлік. Соның бірінде «Ағылшын тілі барлығы үшін» деп

МАМАН ПІКІРІ:

Ғайһар
ТЕМІРҒАЛИЕВА, Қарағанды
облыстық тілдерді дамыту
басқармасының бас маманы:

— Жарнамадағы, көрнекілік үгіттегі тіл шұбарлығымен күресімізді ешқашанда тоқтатқан емеспіз. Алдағы сәуірдің 25-нен мамырдың 25-не дейін облысымыз бойынша тіл рейдін өткізетін боламыз. Оның ішінде Сіздер айтып отырған Бұқар жырау көшесі де бар. Осы рейд қорытындысы бойынша тиісті ұсыныс түсіреміз. Тіл заңдылығы бұзылған жағдайда, әрине, сотқа жүгінеміз. Ал олар заң аясында айыппұл салады. Біздің мұнан басқа тіл қатесін түзетуді мәжбүрлеу тетігіміз жоқ...

жазылыпты. Оу, мұның жатық аудармасы «Ағылшын тілі баршаға» емес пе?!

Одан әрі «Абсолют», «Орталық әмбебап дүкені», «Абзал» сауда үйі сынды супермаркеттер орналасқан. Бұларға тән нәрсе тағы сол жарымжан аудармасы. Табалдырығын аттамай тұрып-ақ мұндай жазу алдыныздан жамырап шыға келеді. Есікке «Өзіне қарай» деп жазылыпты. Шығарында әлгі есікке қайтып келіп тірелесін. Енді көзіңіз «Өзінен қарай» деген жазуға түседі. Талып түсетін-ақ шаруа. Оу, мұның жатық аудармасы «Ішке қарай», «Сыртқа қарай» емес пе еді?!

Ақпарат беруге тиісті жазуларымыз осылайша ботқажазу болыпты. Қайсыбірінің қазақша атауы атымен жоқ. Ағылшын тіліндегі атау бойынша да осыны айтуға болады.

Сөйтіп келе жатып Н. Әбдіров даңғылының қиылысына шығайық. Мұнда еліміздегі ең ірі спорт сарайының бірі «Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайы» орын тепкен. Еңселі ғимараттың қас бетіне көз жүгірткенбіз. Ондағы мекеме атауында бірде-бір қате болса, көне? Күні кешеге дейін еңсемізді түсіріп келген қате түзетілген екен. Батырдың осыған дейін «Нұркен» деп жазылып келген есімі «Нұркен» деп түзетіліпті. «Ештен кеш жақсы» деген осы да. Ал қуанайық. Осы қуанышымыздың тұмыры қысқа болмаса екен...

Одан әрі жүруге аяғымыз тартпады...

Төрехан МАЙБАС,
Қарағанды

Апат

Су астында қалған кітап

Павлодардағы С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында коммуналдық апат болып, 2500-ге жуық кітап зақымданған.



Дереккөзі: Internet

Таңғы уақытта кітапхана ғимаратында құбыр жарылып, ыстық су аққан. Салдарынан кітаптар тұрған стеллаж бір-біріне құлап, кітап су астында қалды. Кітапхана директоры Шолпан Шахметованың айтуынша, көптеген кітап зақымданып, жарамсыз болып қалған. Қазіргі уақытта коммуналдық апаттан келген шығын көлемі анықталып жатыр. Кітапхана директорының мәліметінше, мемлекеттік тапсырыс бойынша басылған бір кітаптың бағасы шамамен 1200-1500 теңге. Baq.kz хабарлағандай, алдын ала есеп бойынша, шығын көлемі 1 млн теңгеден асады.

Мал шаруашылығы

Бүгінде елімізде малға салынатын сырғаны шетелден тасимыз. Көктемде малшының қолына тиюге тиісті сырға тендер, шекара деген кедергіден өтіп күз айланып шаруашылықтарға үлестіріліп жатады. Сондықтан малды сырғалау жұмысы кешіге түседі. Ал сырға болмағаннан кейін қойға тексеру жұмысы да жүргізілмейді.

Бұл мәселе өткен аптада Алматы облыстық әкімдікте республикалық қой шаруашылығы палатасының жиынында көтерілді. Шараға облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, республикалық қой шаруашылығы палатасының төрағасы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тынышбай Досымбеков қатысты. Сондай-ақ жиын барысында палата құрылғалы бергі бір жыл көлемінде атқарылған жұмыс таныстырылып, алдағы міндет сараланды. Қой шаруашылығын өркендетуге кедергі келтіріп отырған кемшілік пен оны түзетудің жолы да сөз етілді. Жарысөзге шыққан ҚазҰҒА мүшесі, академик, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, қой шаруашылығы палатасының мүшесі Төрехан Сабырқұлов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Мамай Прманшаев қой шаруашылығын дамытудың қыры мен сырын салмақтады.

Баяндамашының сөзінен білгеніміздей, Кеңес одағы кезінде елімізде 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанымен, қазір өріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде облыста 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Айта кетерлігі, отандық қой етінін дені экспортқа шығаруға сай емес. Сыртқы нарықтағы бәсекелестігі, рентабельдігі төмен, тауарлық түрі нашар. Сондықтан қойдың санын өсірумен қатар оның өнімінің сапасын

жоғарылату үшін үкімет тарапынан «Алтын асық» бағдарламасы қабылданып, жүйелі жұмыс атқарылуда. Десе де, бұл қой шаруашылығын дамытудың күрмеулі мәселесін түбегейлі шешпейді. Сондықтан 2010 жылдан бастап еліміздегі ауыл шаруашылығы ғалымы, республикаға, тіпті әлемге белгілі ауыл шаруашылығы саласының мамандары бірлесіп, қой шаруашылығын нарықтық қатынасқа сәйкес, дамытудың кешенді бағдарламасын жасапты. Осы бағдарламаны аяғына дейін жеткізу үшін өткен жылы республика бойынша қой шаруашылығы палатасы құрылды. Оның маныздылығы туралы палата төрағасы Тынышбай Досымбеков

«Қой шаруашылығы палатасы ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020 жылға дейінгі қой шаруашылығын дамыту, оның өнімін өңдеу туралы шеберлік жоспарына сәйкес жасалған. Сондай-ақ бұл палатаның жарғысы Елбасының 2015 жылдың желтоқсан айындағы «Қазақстан Республикасы бойынша қой шаруашылығы палатасын құру туралы» Жарлығында көрсетілген талаптарға да сай. Жарлық өткен жылдың қаңтар айынан бастап жүзеге асырыла бастады. Демек, отандық ғалымдар жасаған жана жоспар мемлекет мүддесімен сәйкес келеді, — деп жан-жақты айтып берді.

Осындай себептермен құрылған палата жұмыс жасағалы да бір жыл уақыт өтті. Келесі кезекте палата төрағасы өткен бір жылда жеткен жетістік пен алдағы жұмыс ретіне де тоқталып өтті.

— Қой шаруашылығының өнімділігіне тоқталсақ, 1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақ жылына 48 келі ет жейді екен. Оның 10 келіге жуығы қойдың еті болуы керек. Енді 164 мың тонна етті 17 миллион тұрғынға шағатын болсақ, бүгінгі елімізде өндірілетін ет ішкі сұраныстан артып тұрған жоқ. Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспортталған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын өзгерте қоймайды. Ал ұлан-байтақ даласы бар қазақтар еттен өнім ала алмаса, бұл әлемдік тұтынуында азыауын туындайды. Сондықтан біз қой шаруашылығын дамытуды өз дастарқанымыздың төңірегінен емес, әлемдік тұтыну нарығы тұрғысынан қарастыруымыз

керек», — деп түйді ол өз ойын.

Палата төрағасы айтқан тағы бір толғақты мәселе — қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Ішкі сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

Қой түлігінің өсіп-өнуі үшін жайылым болуы керек. Бүгінде әр жердің иесі бар. Тіпті ауыл іргесіндегі жерлерге дейін жекеменшікке өтіп кеткен. Мал басын көбейту үшін алдымен жайылым мәселесін шешуге тұра келеді», — деген Тынышбай Досымбеков палата мүшелерінің осы мәселемен жүйелі айналысып жатқанын тілге тиек етті.

Қой шаруашылығын дамытуға кедергі болып отырған тағы бір мәселе — ветеринария мәселесі. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мал дәрігерлері тезірек зейнетке шығудың қамымен күн санап

«Жыл бойы асылтұқымды қошқар өсіреміз. Оның біразы ғана сатылады да, қалғаны өтпейді. Оны қыстан шығарудың өзі қалтаға жүк түсіреді», — дейді. Әдетте 30 саулыққа бір қошқардан келеді десек, 500 саулығы бар шаруа

16 қошқар сатып алу керек. Сондықтан шаруа қожалығының жетекшілері: «Қошқардың бағасы тым қымбат. 17 қошқардың орнына 10, тіпті 5 қошқар сатып алып, ұрықтандыру жоспарын орындай аламыз», — деп ат-тонын ала қашады. Расында бір қошқар 40 мың теңге десек, 700 мың теңге шаруа үшін аз ақша емес. Сондықтан палата мүшелері осыған дейін әр қошқарға беріліп келген 8 мың теңге субсидияны 25 мың теңгеге дейін көтеру туралы ұсыныс көтерген. Ақыры бұл ұсыныс үкімет тарапынан қолдау тауып, биылдан бастап субсидия көлемі 20 мың теңгеге көтерілді. Демек, 40 мың теңгелік асыл тұқымды қошқарды жарты бағасына сатып алады. Базардағы тауарлы қойдың өзі 20 мың теңгеден саудаланып жатқанын ескерсек, мұның өзі шаруаларға үлкен көмек деген сөз. Бұл да палатаның атқарған ауқымды шарасының бірі.

Бұл жерде мал шаруашылығы палатасы тек қана асылтұқымды мал өсіретін шаруашылықтарға ғана көмек көрсетеді деген ой туындамауы керек. Бүгінгі таңда палата тауарлы мал өсіретін тұрғындардың қолындағы малын асылдандыруға көмек көрсете бастады. «Мал бакканға бітеді» дейді халқымыз. Осы тұста қойды асылдандыру арқылы барлық жоспарды тындырып тасталық деуге болмайды. Сонымен бірге сервистік қызметті де жақсарту керек. Мұндағы басты мәселе, алыс жайлаудағы малшылар тұратын үйдің жағдайы. Палата мүшелері малшыларға киіз үй ең қолайлы деп отыр. Есептеп көргенде, бір үйдің құны 490 мың теңге көлемінде болады екен. «Инвест субсидия» бағдарламасы арқылы үкімет киіз үйдің 80%-ын субсидиялауға ниет білдіріп отыр. Сонда әрбір киіз үйді 100 мың теңгеден сатып алады. Биыл палатаның мұрындық болуымен мың киіз үй жасалмақ. Осы тұста тері, жүн қабылдау пунктін ашамын деген тұрғындарға үкімет 50 пайыз субсидия беруді жоспарлап отырғанын қоса кету керек.

Республикалық қой шаруашылығы палатасының алдағы жұмысы да ауқымды. Олар шаруа қожалықтарының қой тұқымын асылдандыру, буландастыру, тауарлы шаруашылықтардың өнімін, саулықтың үлесін арттыру, қой бордақылау алаңдарының жұмысын жандандыру, өндірілген өнімнің сапасын жақсарту, тері, жүн өңдеу саласын ретке келтіру, жайылымды тиімді пайдалану, оның құнарлығын арттыру, суландыру мәселесін шешу жұмысын қолға алмақшы. Осы жұмыс іс жүзінде асқанда еліміз қой етін экспорттайтын әлеуетті мемлекет қатарына енетін болады.

Бетті дайындаған Қуаныш ТҮНҒАТАР

ИТАЛИЯЛЫҚТАР ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЮҒА ӘЗІР

Жуық арада италияндық кәсіпкерлер Алматы облысында бірқатар жобаны қолға алмақ. Бұл туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов италияндық делегациямен кездесуінде мәлім болды.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, кездесу барысында екі тараптың қарым-қатынастағы мүдделі экономикалық байланыстары туралы кенінен сөз болды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, басым бағыты туралы баяндаған облыс әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашов италияндық кәсіпкерлермен бұл әңгімелесу одан әрі тиімді жобаларға ұласатынына сенім білдірді.

Кездесуге келген Италияның 4 ірі «INFOTRADE SRKS», «Garmet», «Brio», «Longo»

компаниясының басшылары өзінің айналысатын саласы, өндірісі, бағыт-бағдары мен жоспары туралы қысқаша баяндап өтті. Қоқыс өңдеумен, жанартылған энергия көзін дамытумен, темір бұйымын шығарып, құрылыс жүргізумен, жеңіл өнеркәсіппен айналысатын аталған кәсіпорындар Алматы облысының

маңызды жобаны іске асыруға мүдделілік танытқан еуропалық кәсіпкерлермен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендігін айта келе, ресми қонақтардың ісіне сәттілік тіледі.

Жүздесуден кейін италияндық делегация Кәсіпкерлер палатасында облыс және қала әкімдігі мен



инвестициялық мүмкіндігіне қызығушылық танытатынын жеткізді. Кездесу соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашов Елбасының алдымызға қойып отырған ауқымды міндетінің бірі — инвестиция тарту екенін, облыс аумағында бірқатар

мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен өтетін жиынға қатысты. Онда нақты жобаларды іске асыру жолы талқыланыпты. Сонымен қатар Талдықорған қаласындағы бірқатар өнеркәсіп нысанын аралады.

Жоба

Биылғы жылға Алматы облысында жаңа бағдарламамен мемлекеттік қаржылық қолдау шарасын тиімді пайдалану,

инвестиция тарту және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін барынша кең қамту мақсатында 24,3 млрд теңге қаражат бөлінді. Оның ішінде субсидия көлемі 19,2 млрд теңге немесе 79%-ға жетіп отыр. Осы және басқа да жаңалық туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов айтып берді.



Оның айтуынша, Елбасы Жолдауындағы басым бағытты орындау мақсатында өңірде атқарылып жатқан игілікті жұмыстың қатары көп. Мамызды құжатта көрсетілген тапсырманы орындау мақсатында облыстық басқарма 6 кешенді стратегиялық міндетті айқындап, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуына күш салуда. Ең алдымен, демеу қаржы төлеу жолын қайтадан қарастырып, өнімді сақтандыру механизмін енгізу қолға алынған. Сала басшысы бұл өзгерістерді толықтай түсіндіріп өтті.

Шара аясында үй шаруашылығы мен шағын фермерлерді біріктіріп, кооператив желісін дамыту көзделген. Ол үшін сүт қабылдау, мал сою, құс шаруашылығы пунктін ашу және жеміс-көкөніс, картопты қабылдау, сақтау, шағын құрама жем зауыты, сервистік-даирлау орталығын құру, техника сатып алу тағы да басқа жобаларды іске асырушы ауыл шаруашылығы кооперативіне басымдық берілген. Облыста бұл жұмыс өткен жылдан бері жана қарқынмен жүргізіліп, 430 құрылтайшының бірігуімен 53 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Үй шаруашылықтарының қатысуымен 6 сүт және 4 көкөніс қабылдау пункті ұйымдастырылып, отбасылық 429 бордақылау алаңы мен 6 жылқыжай ашылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылға дейін 60 мың агросубъектілердің бірігуімен 600-ден астам ауыл шаруашылығы кооперативін құру жоспарда бар.

Бүгінгі таңда өңірде суармалы егіс көлемін айналымға енгізу мәселесі де өзекті болып отыр. Сала басшысы облыстағы айналымнан шығып қалған суармалы жердің жалпы көлемінің 127 мың гектарды құрағанын айта келіп, бұл проблеманы шешу үшін «Ислам Даму» банкі есебінен облыстағы 16 ауданның суландыру жүйесіне қайта жаңғырту жұмысына қосымша қаржы бөлінгенін жеткізді. Жұмыс 2 кезеңмен жүргізіліп, бірінші кезеңде Ақсу, Алакөл, Ескелді, Көксу, Ұйғыр, Панфилов аудандарында 47,8 мың гектар суармалы жер, келесі кезеңде 10 ауданда 78,8 мың гектар суармалы жер қайта айналымға енгізілмек.

Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу өнеркәсібі мен оған қажетті инфрақұрылымды дамыту бағытында да ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Аталған бағытта 2021 жылға дейін құны 76 млрд теңгелік 116 өңдеу нысанын іске қосу жоспарлануда. Оның ішінде трансұлттық компаниялардың инвестициясымен 6 кәсіпорын іске қосылады. Өңдеу өнеркәсібін жетілдіру үшін шикізатпен қамтуды қамтамасыз ету керек. Басқарма басшысы өнімділікті арттыру, егіс алқабы мен мал басын ұлғайту есебінен ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2021 жылға қарай 713 млрд теңгеге дейін артатынын жеткізді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативін дамыту аясында ет, сүт, жеміс-көкөніс қабылдау пунктін желісі кеңейтілмек.

Бұл шара ауыл шаруашылығын әртартпандырып, ішкі тұтынулы қамтамасыз етуге, импортты азайтып, экспортқа бағдарлануға мүмкіндік береді.



ИМПОРТ АЗАЙЫП, ЭКСПОРТ АРТАДА

Сарап

Күні кеше ғана Ресейдің Санкт-Петербург қаласында болған жарылыс қауіптің бар екендігін тағы ескертіп өтті. Жазықсыздан-жазықсыз 14 адам мерт болды. Арасында бір отандасымыз да бар. Көршінің тыныштығы бұзылса, біздің де мазамыз қашатыны белгілі. Осы орайда өзімізде не болып жатқанына бір көз тастап көрейікші.

Өткен жазда Алматыдағы Р.Күлікбаевтың ылаңынан кейін біраз тынышталаып қалғандай болғанбыз. Бірақ террорлық қауіптің қызыл белдеуі мен сары белдеуінің айлар бойы жалғасып, сарылтып қойғандығын әлі ұмыта қойған жоқпыз. Былайғы жұртқа мамыражай өмір сүріп жатқан сияқты сезілгенімізбен ел тыныштығын

Қазір адамзат баласы үрейде өмір сүреді. Кезінде алпауыт елдердің арасында соғыс өрті өршіп кетуі мүмкін деп қауіптенсе, бүгінде ол қауіп жалпыдан жалқыға көшкен. Қоғам үшін кесепат ірі елдер арасындағы соғыс қана емес, алты жасар жанкешті болуы да мүмкін. Бұл осы ғасырдың үлкен проблемасы. Ең өкініштісі сол, жарылыс пен лаңкестік оқиға орын алса, оны «мұсылман іске асырады» деген жиіркенішті көзқарастың қалыптасуы.

кайтарылды. 177 азамат шетелден діни білім алмақшы болып ниеттенгенімен, құқық қорғау орындары олардың жолын кесті. Себебі тағы да олардың алатын білімі күмәнді екен.

Қазір біздің елде 2017-2020 жылдарға арналған Терроризммен күрес мемлекеттік бағдарламасы қаралып жатыр. Бұл құжат жуық арада үкімет отырысында



Нұрғали БІЛІСБЕКОВ

таныстырылады. Ал осы уақытқа дейін не тындырылды? Тағы да дерек пен дәйекке жүгінейік. Нұрғали Білісбеков «2016 жылы дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде еріп кеткендердің 32,1 пайызына

қатысты алдын алу жұмысы жүргізілді. Терроризмге және экстремизмге қарсы күрес мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында жат ағымда

жүргендердің 90,7 пайызы анықталды. Мақсатты жұмыстың арқасында елімізде салафиттік жамағаттың 70 жетекшісі мен белсенді өкілі дәстүрлі құндылыққа оң көзқарас танытып, қоғам өміріне қайта оралды», — деді. Иә, егер теріс ағым өкілдері қателігін мойындап, дәстүрлі дінге қайта оралса, қуанарлық жағдай. Бірақ мамандардың пікірінше, оларды қайтару бірталай уақыт пен күш-жігерді талап ететін көрінеді. Себебі ол кісілердің санасын улаушылардың оқыту технологиясы өте ұятты деседі.

АРБАЛҒАҢДАР

алғысы келетін «бұзық сақалдылар» жеткілікті көрінеді. Бұлай сөз сабақтауымызға осы аптада Астанада Ұлттық қауіпсіздік комитеті таратқан дерек себеп болды. Құзырлы мекеме төрағасының орынбасары Нұрғали Білісбековтің мәлімдеуінше, құқық қорғау мекемелері 2016 жылы 12 лаңкестік оқиғаның алдын алыпты. Бұл аз көрсеткіш емес. Бір жылға шағып есептесеніз әр ай сайын жарылыс жасауға немесе тағы басқа лаңкестік әрекет ұйымдастыруға ұмтылғандар болыпты. Өткен жылы елімізде ойы бұзық 123 азамат сотталған. Сол сияқты 91 азамат шетелдегі лаңкестік топқа қосылуға ниеттеніп жүргенде қолға түскен. 81 студент басқа елде алып жатқан діни білімі күдікті болғандықтан, елге



АЗАЯР ЕМЕС

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Кеншілік ТЫШҚАН,
философия ғылымдарының кандидаты, дінтанушы:

Теріс ағым өкілдерінің алдын алуға ең маңызды қадамның бірі — ағым өкілін дәстүрлі дін түсінігіне қайтару. Алайда бұл сондай оңай атқарылатын жұмыс емес. Теріс ағым өкілінің ұйымдасу, жамағаттық түсінік, бір-біріне қол ұшын беру, яғни тығыз байланыста екендігін назарға алсақ, бұл тіптен қиынға соғады. Оған айтылған уәжді, қойылған сұрақты ести сала «ұстазына» жүгіреді. Ал оның пікірін қалыптастырып отырған адамдар оңайлықпен өз кемшілігін мойындамайды. Тіпті қазіргі кезде радикалды бағыт өкілдері мешіттегі айтылған уағызға да құлақ салмай, құлағын бітеп отыру үрдісі белен алған. Өйткені оған берілген тапсырма солай. Дегенмен мемлекеттік мекемелер дін мамандарымен бірлесе отырып, оларды дәстүрлі бағытқа қайтару ісімен айналысуды жолға қоя бастады.

Бұған білікті теолог мамандар мен мешіт имамдары тұрақты тартылып келеді. Әрі бұл үрдіс түзету

мекемелерінде жүйелі жүргізіледі. Бірақ жоғарыда айтылған мәселемен қатар, қандай да бір теріс діни ағым өкілін дәстүрлі дінге қайтару



үрдісінде орын алатын тағы бір түйткілді мәселе оларға альтернативті жамағат үлгісін ұсына алмау болып отыр. Яғни теріс ағымнан беті бері қараған азамат ендігі жерде қандай ортада діни мұқтаждығын қамтамасыз етеді. Кімге ереді? — деген заңды сұрақ туады. Сол себепті теріс ағымнан ажырағысы келгенімен, олардың қыспағына шыдамай,

немесе ортасын қимай қайта оралу ықтималдығы өте жоғары.

Жалпы теріс ағымдағы азаматтарды бірнеше топқа бөлген дұрыс. Олар: дінге енді ғана қызығушылық танытушы, белгілі бір көзқарасқа икемделе бастаған және толық сол көзқарасты өмірлік ұранға айналдырғандар. Алғашқы топтағы азаматты тарту жеңіл. Өйткені оларда нақты бір дәстүрлі дінге деген дұшпандық көзқарас қалыптаспаған. Ал екінші санаттағы азаматпен жүйелі оларда нақты бір дәстүрлі дінге деген дұшпандық көзқарас қалыптаспаған. Ал екінші санаттағы азаматпен жүйелі оларда нақты бір дәстүрлі дінге деген дұшпандық көзқарас қалыптаспаған. Ал екінші санаттағы азаматпен жүйелі оларда нақты бір дәстүрлі дінге деген дұшпандық көзқарас қалыптаспаған.

Әрі олармен дін саласында білікті теологтар жұмыс жасау керек. Егер жаппай дәстүрлі дінге қайтару мүмкін болса, онда еліміздегі радикалды ағым өкілінің саны өспеген болар еді. Заңнамалық тетікті жетілдіріп, тыйым салу жолын тездетіп қабылдаған жөн.

Ал содан кейін оңалту жұмысын жүйелі жүргізген абзал. Әрі теріс ағым өкілімен жұмыс жасайтын теолог маманның да бағыты мен деңгейін айқындап алған артық болмайды.

Әзірлеген

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, журналист

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қылмыс

Кәсіпкерді қорқытып, қалтасын қоппайтқан азаматтық қорғаныс полковнигі ұсталды. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Қарағанды облыстық департаменті ішкі істер министрлігі төтенше жағдайлар комитетінің облыстық департаменті бастығының орынбасары Вадим Мағамадовтың бірқатар жемқорлық қылмыс жасағандығын әшкереледі.

ПАРА АЛҒАН ПОЛКОВНИК

Ұлттық бюро баспасөз қызметінің хабарлауынша, тергеу барысында Мағамадовтың өз өкілеттігін асыра пайдаланып, кәсіпкерлік субъектілердің өрт қауіпсіздігі ережесін бұзушылықтары анықталған кездегі айыппұлдардың сомасын қасакана төмендеткен. Сонымен бірге ұйғарымдардың орындалу мерзімін созғаны үшін заңсыз сыйақы алған. Ол 4 сәуір күні



кәсіпкерден 200 мың теңге пара алып тұрған жерінен қолға түскен. Қазір Қарағанды қалалық ІІД уақытша оқшаулағышына қамалды. Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Қызықстан қызықтары

ТОТЫҚҰСТЫ ҰРЛАЙМЫН ДЕП...

Ең соңғы рет істі жігіт ақпан айында ұрлық жасағаны үшін жауап берген болатын. Енді Агаркин кезекті ұрлығы үшін 2,5 жылды арқалап, қатаң режімдегі түзету колониясына қамалады. Бұл туралы Қостанай қалалық сотының баспасөз қызметі хабарлады. Бұған дейін 24 қаңтар күні белгісіз



біреулердің қаладағы зооүлкеннің есігін бұзып, ішіндегі торда тұрған құстарды ұрлағаны туралы айтылған болатын. Дүкеннен 16 тотықұс пен құндыз ұрланған. Агаркин ұрлықтан бөлек, ғимаратқа заңсыз кіргені үшін де айыпталып отыр. Оның кенседен 100 литрге берілген жанармай талоны мен 4000 теңге ұрлағаны да дәлелденді.

Шара

Өткен жылдың 13 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты рақымшылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ізгілік қағидатын басшылыққа ала отырылып, қабылданды.

Тағы бір мүмкіндік

Осы Заң Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің аудандық пробация қызметі бөлімінде кенінен қолданылуда. Оның тек бас бостандығынан айырылғандарға қатысы жоқ. Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап Алматы қаласының әр ауданында есепте тұрғандар шақыртылып, оларға Заңның қолдану аясы мен шарты түсіндірілді.

Қазіргі таңда ауыр емес қылмыс жасағандар, ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандар, тұрғылықты мекенжайы бойынша, аудандық соттың қаулысымен жазадан толығымен босатылды. Сондай-ақ ауыр қылмысы үшін сотталған: көмелетке толмаған, жүкті әйел, көмелетке толмаған баласы бар әйел, көмелетке толмаған баланың жалғызбасты ата-анасы болып табылатын ер адам, І, ІІ, ІІІ топ мүгедегі, елу жастан асқан

әйел мен алпыс жастан асқан ер адамның жаза мерзімінің жартысын қысқарту туралы ұсыныс аудандық соттарға жолданды. Сондай-ақ ауыр қылмыс жасағандар келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, жаза мерзімінің төрттен бірін қысқарту туралы да ұсыныс берілді.

«Рақымшылық туралы...» Қазақстан Республикасы Заңының аясында атқарылған іс-шаралар арқасында, қылмыс жасап, зиян келтіргеніне қарамастан, аталған тұлғалардың ел азаматы ретінде қоғамға қайта қосылуына, ізгілікпен мемлекет тарапынан тағы бір мүмкіншілік беріліп отыр. Саналы азамат өз сабағын өмірден алар деп білеміз!

Елубай НИЯЗБЕКОВ,
Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметінің басшылық бөлімінің аға инспекторы, әділет капитаны

ФОТОАЙҒАК



Санкт-Петербург (Ресей) 03.04.2017

Осы аптада Санкт-Петербургдың метросында жарылыс болып, 14 адам қаза тапты. Оның арасында отандасымыз Максим Арышев та бар.

Жарылысты Қырғызстанның Ош



қаласында дүниеге келген, ұлты өзбек Ақборжан Жалилов ұйымдастыруы мүмкін. 22 жастағы жігіт Ресей азаматтығын алған. Осы оқиғаға орай әлі ешқандай ұйым жауапкершілікті өз мойнына алған жоқ.





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru


Агробизнес – 2020

КООПЕРАТИВТІҢ КӨМЕГІ

Десе де, киелі Күреңбел өлкесіне қарасты Қарашоқы ауылында ауыл шаруашылығы кооперативінің іргетасы өткен жылдың аяғында-ақ қаланып қойды. Қысқа уақыт ішінде кооперативтің тиімділігі дәлелденіп, ауыл шаруашылығына орасан зор пайда әкеліп отыр. Мәселен, «Майтөбе» кооперативі «50 ауыл» тұжырымдамасы негізінде жалпы көлемі 61 миллион тенге несие алған. Нәтижесінде, 339 бас ірі қара кооператив қарауында бордақыланды.

Кооператив құрмас бұрын ауылдағылар күнде жиын өткізген. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ аясында «Береке» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді. Тұрғындар осы бағдарлама бойынша төрт түлік өсіруді қолға алмақшы болады. Алайда несиеге ниет білдіргендер қомақты қаржы алуға жекелей тәуекел етуден қашақтайды. Тіпті кейбірі қолдарын сілтеп, кооператив құруға қарсылық танытады. «Көз – қорқақ, қол – батыр», Қарашоқы ауылындағы 3 шаруа қожалығы және 21

Елбасы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы саласында тер төгіп жүрген қожалықтарға кооператив құрудың маңыздылығы турасында жаңа міндет қойып отыр. Кооператив кеңестік кезеңде кеңінен қолданылған жүйе болғандықтан, қазіргі шаруа қожалықтарына бұл тәжірибе таңсық емес. Алайда бүгінгі агрономдардың алдында кооператив құрудың тетіктерін заман талабына сай жаңғырту міндеті тұр.



отбасы бірігіп, кооператив құрады. Бүгінде С.Бектеміров пен Х.Сәрсенбаев 22 бастан, Б.Әбдірахманов 23 бас, Г.Жантеміров 7 бас, Д.Темірғалиев 6 бас мал өншіледі. Енді олар алты айдан кейін ғана несиелерін өтей бастайды. Бордақыландырылған мал Сарыөзектегі «Ақбұлақ» ет өңдеу зауытына өткізіледі.

Кооперативке күмәнмен қарағандар енді мынадай нәтижені көріп, әкімшіліктің есігін тосқырып, құжаттар жинастырып жүр. Ауыл тұрғындары кооперативтің тиімділігін түсінді. «Аталған «Береке» бағдарламасы арқылы талай азамат несие алып, мал өсіріп отыр. Мен де несиеге сиыр алып, бордақыладым. Алған малым ет жинады. Бір-екі айда ет зауытына өткіземін. Сөйтіп, күн көреміз. Мұның пайдасы шаш етекпен», — дейді ауыл тұрғыны Ә.Омаров. Қарашоқыдағы «Майтөбе» кооперативі көпке үлгі.

Төскейде жайылған Зеңгі баба тұқымы қалалықтарға қолжетімсіз. Етінің өзі нарықтағы бағамен мың құбылып әзер жетеді. Ал сиырдың табиғи таза сүті қаланың орталық бөлігінде тұратын тұрғындарға тапшылық етеді. Табиғи өнімге деген мұқтаждық мәселесін Алматы қаласымен азық-түлік белдеуін құрған облысқа қарайтын көршілес аудандар шешіп жатыр. Осы ретте «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы Алатаудың етегінде жатқан Қарақыстақ ауылына 1 миллиард 780 миллион тенге қаржылай демеу көрсетті.

ТАБИҒИ СҮТКЕ СҰРАНЫС

Аталған қыруар қаржы «Табыс» шаруа қожалығына бөлінді. Нәтижесінде, шалғайдағы аядай ауылдан 600 бас сиырға арналған тауарлы сүт және ет өндіретін алып кешен ашылды. Кешеннің ашылғанына көп уақыт өтіп үлгерген жоқ. Бірақ шаруашылық қол қусырып қарап жатпай, Украинадан «Голштино-фриз» атты асылтұқымды сиырлардың алғашқы легін жеткізді. Сөйтіп, отандық сиырлардың қатары тағы 200 басқа толықты. Шаруашылықтың алдағы жоспары бойынша, мұнда тағы 400 сиыр әкелінбек. Украинаның мал шаруашылығымен шұғылданатын қожалықтарымен келісімшартқа отырған еңбекқор ұжым алғашқы жемісін көре бастады. Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев «Табыс» шаруа қожалығына бас сұғып, жұмыс жоспарымен танысты.

Келешекте шаруашылық 6 мың тонна сүт өндіреді. Осыған байланысты қожалық жанынан сүт өндіретін зауыт



салу да жоспарланып қойды. Сөйтіп, болашақта сауылған сүт өнімін алысқа тасымалдау қысқартылады да, ауыл ішінен сыртқа дайын тұтылатын тауар ретінде таратылады. Шаруашылық қызметкерлері сүтке сұраныс аудан, облыс көлемінде ғана емес, Алматы қаласынан да түседі деп бек сеніммен айтып отыр. Өйткені, қашанда табиғи сүт өнімдері сұраныс жоғары. Әсіресе, қалалықтар жайлаудан келген қоспасыз сүтке зәру екені рас.

Инфрақұрылым

Облыс аумағында алынатын жер телімін және онда орналасқан өзге де жылжымайтын мүліктің құнын өтеу арқылы жер телімдерін мемлекет қажеттілігі үшін алуды көздеген 21 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде көліктің инфрақұрылымды дамыту бойынша республикалық бағдарламалар аясында 11 жоба жүргізілуде. Олар — «Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы», «Алматы — Қапшағай», «Бірлік — Ақбұлақ» автокөлік жолдарының құрылысы және «Батыс Еуропа — Батыс Қытай», «Алматы — Өскемен», «Ұзынағаш — Отар», «Астана — Алматы», «Алматы — Шу», «Алматы — Бішкек» автокөлік жолдарының жекелеген учаскелері, сондай-ақ аталған жобаларды жүзеге асыру мақсатында Еңбекшіқазақ, Ескелді, Жамбыл, Іле, Қарасай, Көксу, Кербұлақ, Панфилов, Талғар, Ұйғыр аудандары және Қапшағай қаласы әкімдіктерімен аталған жолдардың құрылысына түсетін жер телімдерін алу жөнінде қаулылар қабылданды.

Аталған автокөлік жолдары құрылысының белдеуіне 2939 жер телімі енген, оның 76 пайызы сатып алуға жатады. Қазіргі кезде жоғарыда аталған әкімдіктер тарапынан барлығы 1472 жер телімі алынған, соның ішінде меншік иелеріне сатып алу жолымен жылжымайтын мүлік пен жер телімі үшін 16693,6 млн теңгені құрайтын бағалау құны өтеліпті. Аудан, қала әкімдіктерінің түсіндіру жұмысын жүргізудің нәтижесінде меншік иелері мен жер пайдаланушылар 240 учаскені мемлекетке өтеусіз берген, ал 172 жер телімінің меншік иелеріне тең бағалы жерлер табысталған. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автокөлік жолының «Алматы — Қорғас» учаскесінің құрылысына түсетін қажетті жер телімдерін алу жұмыстары аяқталған. Сондай-ақ

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕР ТЕЛІМІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Алматы облысында жер телімдерін мемлекет қажеттілігі үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мақсатында бірқатар жұмыс атқарылды. Бұл туралы облыс әкімі Аамандық Баталовтың төрағалығымен өткен алқа мәжілісінде айтылды. Жиында мәлім болғандай, жер телімдерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары 2011 жылдан бастап облыстың 13 өңірінде іске асқан. Бұл жұмыстар елді мекендер мен инженерлік-коммуникациялық желілерді, көліктік инфрақұрылымды дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламаларды орындау мақсатында атқарылды.

ауданындағы «Береке» индустриалды аймағын дамыту, Талдықорған қаласындағы жобалардың орындалуына назар аудару, инфрақұрылымды дамытуды іске асыруға қажет аланды анықтау, заң талаптарын қатаң сақтау, сатып алуға



«Алматы — Қапшағай», «Алматы — Өскемен» автокөлік жолдары құрылысына түсетін қажетті жер телімдері алынған.

Жиында бірқатар маңызды мәселеге назар аударған Аамандық Ғаббасұлы жалпы облыста бұл бағыт бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың аз еместігін, дейтұрғанмен де, бүгінде оң шешімін табуы қажет ететін проблемалардың бар екендігіне ден қойды. Осыған байланысты Қарасай ауданының аумағынан өтетін радиалды жолдарды тесіп төсеу, Іле

жататын жер телімдерінің құны жөніндегі мәселені тұрақты бақылауда ұстау, сондай-ақ бағалау құнын өсіру деректеріне жол бермеу сияқты мәселелерді жіті қадағалап, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды. Сонымен бірге жер мәселесіне қатысты жұмыстарды жүзеге асыруда салдыр-салақтыққа жол беріп, кемшілік жібергендерге кеңшілік болмайтыны ескертілді.

Инвестиция

Алматының іргесіндегі Елтай ауылдық округінде бой көтерген зауыт «Holland Green Tech» шетелдік компаниясына тиесілі. Қазақстан бойынша үлкен сұранысқа ие өндіріс орны жылыжайға қажетті металл конструкцияларын құрастырады. Зауыт директоры Сайлау Бисембаевтың сөзіне сүйенсек, мұнда жұмыс істеу циклі толықтай голландық технологияға негізделген. Ең бастысы, жылуды сақтайтын металл ерітпелері мен құрылғылар өте сапалы.



— Жылыжайдың құрылыс бөлшектерін біз тапсырыс берушінің қалауымен жасаймыз. Яғни металдың сыртқы формасы өзгергенмен, ішкі сапасы сол қалпы сақталады. Біз күніне 8 тонна металл қаркастарын шығарамыз. Металл алюминий мен құрыштан құйылады. Бұл екі металл да ауа райына төзімді. Әсіресе, ылғалға шыдамды. Зауыт өнімдерімен тұрғызылған жылыжайлар 30 жылға дейін ешбір әктеп-сырлаусыз, күрделі жөндеусіз жұмыс істеуге жарамды, — дейді зауыт директоры.

Жылыжайды жасауда барынша қарапайым әдістер қолданылады. Зауыттың ашылуына байланысты

ауылдың 72 тұрғыны жұмыспен қамтылды. Алғашында жылыжай шығаратын жоғары технологияларды Түркиядан келген мамандар жергілікті тұрғындарға үйретіп кеткен. Шыны мен металдан құрастырылған өнімдер «VENLO» деп аталатын қазіргі заман мамандар жылыжай бұйымдарын шығарумен ғана шұғылданбайды. Сонымен бірге орнатуды, сервистік қызмет көрсетуді де өз мойындарына алған. Голландиялық «BOM group» фирмасымен әріптестігі байланыс орнатқан зауыттың өнімдеріне шетелдіктер де тапсырыс бере бастапты.

Директордың айтуынша, жылыжай кешендерін шығаруда

қасиетке ие. Нәтижесінде, жылу бір қалыпты сақталады. Зауыт жұмысшылары жылыжай алушылардың жерін тегістеуді, құрылыстың іргетасын қалауды, шынымен қаптауды, жылу мен суару жүйесін орнатуды, желдету мен Күн сәулесін қолдануды қосымша атқарады. Өндіріс орнындағы жұмысшылар жергілікті агрономдармен кенесіп, әртүрлі жеміс-жидек өсіретін жылыжайдың қандай болу керектігіне баса көңіл бөледі. Зауыттың аумағы қазіргі өзінде 3500 гектар аумақты алып жатыр. Болашақта бизнестің ауқымы да кеңейе түспек.

Бетті дайындаған Қуаныш ТҰҒАТАР, Алматы облысы

КӨНЕКӨЗ ҚАРИЯЛАРДЫҢ АЙТУЫНА ҚАРАҒАНДА, ЕРТЕРЕКТЕ КӨКШЕНІҢ КӨРІКТІ ӨңІРІНДЕ ТҰМСА ТАБИҒАТТЫҢ ТҰНЫҒЫ ШАЙҚАЛМАЙ ТҰРҒАН ШАҚТА, ҚОЙНАТ-ҚОЛАУДА БҰЛҚЫНЫП АҚҚАН БҰЛАҚТАР, ҚАЙЫҢ ШОҚТАРЫНЫҢ ЕТЕГІН АЛА, СУЫ ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ БОЙЫ МӨЛТ-МӨЛТ ЕТІП ЖАТАТЫН КІШКЕНЕ КҮМІС КӨЛДЕР, ТОҒАНДАР МОЛ БОЛСА КЕРЕК-ТІ. ИЗЕН МЕН ЖОҢЫШҚА, ЖАЗЫҚ АЛҚАПТАРДАҒЫ БІТІК ӨСКЕН АҚСЕЛЕУ, ҚАЙЫҢ ШОҚТАРДЫҢ БАУЫРЫНДАҒЫ БОЙШАҢ АДАМНЫҢ КЕУДЕСІНЕН КЕЛЕР МАСАТЫДАЙ ҚҰЛПЫРҒАН ЖАСЫЛ ШАЛҒЫН ЕН ДАЛАНЫҢ КӨРКІ, ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫҢ ҚАНША ЖЕРДЕН ТҰЯҚ КЕСТІ БОЛСА ДА, ТАУСЫЛЫП БІТПЕЙТІН, САРҚЫЛЫП ТҮГЕСІЛМЕЙТІН ҰЯҒЫЗДЫҒЫ. ЖАЛҒЫЗ ЖАСЫЛ ШАЛҒЫН ҒАНА ЕМЕС, ИТ ТҰМСЫҒЫ ӨТПЕЙТІН ҚАРА ОРМАН. ІЛКІ ЗАМАНДА ЕЛ ІШІНДЕ ОРМАНДЫ БЕЙ-БЕРЕКЕТ ОТАУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ ЕКЕН.

Қанша жерден қайың мен қарағайдың ішінде отырсақ та, күні кешеге дейін ел-жұрт саманнан сокқан баспананы паналап келді. Ағаштың жоқтығынан емес, табиғаттың тамаша сыйын аяғандықтан, ысыраптан қорыққандықтан. Орманның өзі ғана емес, іші де тұнып тұрған байлық. Қара қарғаның миы қайнайтын қырық күн ішлдеде, жеміс-жидек піскен шақта қайың шоқтарының бауырында үлкендігі бас бармақтай болып уылжып піскен бүлдіргені ат тұяғын қып-қызыл қылып бояп тастайды екен. Ұйыса өскен баданадай-баданадай жабайы шиіе сүмбілей тұзу ақ қайыңдарға араласа, жармаса өскен дәмді тіл үйретін қой бүлдірген қандай еді десеніші. Жаз бойы жарқырап жататын айдын томарларда жұмыртқа салып, ұя басқан, шүпірлетіп балапан өргізген қаз-үйрек жыртылып айырылатын.

екендігін айтып, тәртіпке шақыратынбыз. Орман шаруашылығында мал ұстауға да мол мүмкіндік бар. Қазір біреуге қарап алақан жаятын, біреуге біреу міндетсірейтін заман емес қой.

Орман шаруашылығының директоры Сүйіндік Исабеков шаруашылығының жайын жіпке тізгендей етіп баяндап келеді. Әнебір жылдары Бұландының қалың орманы қара өртке шалынып, ысырап болған. Тілеуіс жаудан бұлар аман қалыпты. Аман қалғаны өз ісіне барынша ыждаһатты

көшет жер бетіне өзімен бірге қыруар жұмысты ала шығады. Оның күтіп, баптау, уақытында суару, желдің өтінен, күннің ыстығынан қорғау таусылып бітпейтін іс. Жыл сайын мыңдаған түп ағаш көшеті отырғызылады. Өткен жылы Шортанды қаласынан Шүчье қаласына дейінгі тас жолдың бойына ағаш көшеті отырғызылды. Орман шаруашылығы елдік мәні бар осы елеулі іске білек сыбана кірісіп, өз үлесін қосты. Табыссыз да емес. Қайың, қарағаш көшетін

ТАБИҒАТ



7

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Сіз құс әлемін білесіз бе?

Қасат қардың көбесі сөгіле қоймаған күндердің бірі еді, анам даладан үйге қуана кірді.

— Көктемнің алғашқы хабаршысы — нәурызек келіпті, — делі.

Бұл бізге «алыстағы әкелерің келіпті» дегенмен бірдей естілді. Далаға жүгіріп-жүгіріп шығыппыз. Көп кешікпей шықылықтап жүрген кіп-кішкене нәурызек құсты көрдік. «Мына аязда қалайша тонбайды екен?» деп танырқағанымыз есімізде. «Бармақтың басындай ғана осы құс қалай ғана көктемді ілестіріп өкеледі?» деп танырқағанымыз да ұмытылмапты.

Арада көп өтпей көк жүзінде тырна тыраулады. Мұнан соң қарлығаш шықылықтады.

Біз бала кезімізде аспанға көп қарайтынбыз. Аспан әлемінің қожайыны — құстар бізді ғажайып әлемге жетелейтін. Әке-шешемізден ұрыс естісек, құс болып ұшып кеткіміз келетін. *(Қазір де үлкендер жердегі жұмырлықтан жерінде көкке ұшып кеткісі келетінінде үлкен сыр жатыр-ау).* Сол үлкендер құстың ұшқан-қонғанына қарап шаруа күйтеуші еді. Мәселен, «жыл құсы топталып ұшса, жылымық күз созыла түседі» деп отыратын шаруа баққан қариялар.

Көктем сайын көгімізде тыраулайтын тырнаға қарап түрлі жорамал айтатын біз табиғатқа сән беріп, көк аспанға көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

Сол жылы қыс қатты болды: құдасына келген қытымыр шалдай сарыжамбастанып жатып алды, атан түйені жел шайқады, жем-шөбі таусылған малшыны шер шайқады, жуан жіңішкерді, жіңішке үзілді. Көпшілік «шықпа, жаным, шықпамен» әр күнін азаппен өткеріп жатты.

жәндіккоректі құсты өзен бойындағы және таудағы орманға қоныстандыру арқылы оның ауыл шаруашылығына тигізетін пайдасын анықтау да маңызды. Мәселен, бір қарлығаш бүкіл жаз бойы 1 миллион құрт жейді екен. Қараторғайдың бір тобы балапанымен 22 тонна шегірткені азық етеді деседі. *(Осы жерде біздегі диқандардың ала жаздай шегірткелер шабуылына ұшырауы еске түседі).*

Қазір дүниежүзілік Неміс орнитология қауымдастығы, Ұлыбритания, Америка құс зерттеу орталықтары, Мумбай (Үндістан) орнитология қауымдастығы, тағы басқа да халықаралық ұйымдар ғылыми жұмыстар жүргізеді. Қазақстанда Ғылым академиясының зоология институты құс әлемін зерттеуді 1966 жылы бастады. Орнитолог ғалым И.А.Долгушиннің басшылығымен құсқа сақина салып, зерттеумен айналысатын ғылыми орталық ұйымдастырылды. Міне, сонда Шаппак ата асуы неге таңдалды? Тянь-Шань тау жоталары еліміздің оңтүстік-шығысында 1000 шақырымға созылып жатыр. Міне, осы тау жоталарынан өте алмаған жыл құсы Шаппак ата асуы арқылы ұшып өтуге мәжбүр. Дәл осы жерде Тянь-Шань мен Қаратау тауы түйіседі де, екі аралық ойпан болып келеді. Жылы жақтан ұшып келе жатқан жыл құстары осы ойпан-қуыс жерден көктемде бері, күзде әрі ұшып өтеді екен. Содан кейін күзде құстар оңтүстіктегі жылы аймақтарға қайтарда Шаппак



Арқадағы қойнауы күт, жері берекелі, біздің өлке сан жылдар бойы арқау жібі үзілмей келе жатқан халқымыздың небір асыл қасиетін бойына сіңірген, сіңіріп қана қоймай, уақыт тезінде қажеттілігі белгілі болған, керегін өз бойына сіңіріп, одан әрі дамытып жатқан қордалы, қасиет дарыған орта болатын. Тұмса табиғаттың тұнығы, қайталанбас сұлулығы, көз қарықтыратын ғажайып бейнесі, айқын, бірақ беймәлім болмысы сол табиғаттың төсін жайлап, үндесе өмір кешкен адамдардың бойынан қылаң берер еді. Бүгінде қалың орман селдіреп, селкеу түскен шақ. Әйтсе де үміт жіңішкергенмен, үзілген жоқ.

Олай деп айтуымызға таяуда Зеренді ауданына қарасты Кіші Түкті орман шаруашылығында болғанымызды көзіміз жетті. Орман шаруашылығының 19975 гектар жері бар. Оның 16080 гектары ағаш. Ағаш болғанда да жасыл желегі жайқалып, самал желмен тербеліп, мың бұралған ақ балтыр қайың. Өзге өскіннен ұшар басын оздырғысы келгендей аспанға емінген, күнге бой салып бойлап өскен сыптығыр, зәулім терек. Қысы-жазы өңін бір өзгертпейтін қарайы. Қарағай демекші, оның да әлденеше түрі, тұқымы бар. Өзге орман шаруашылығынан бір айырмасы Кіші Түкті орман шаруашылығында питомник бар. Облыстағы өзі тектес шаруашылықтың ішінде мұндай питомник ешқайда жоқ.

Күре жолдың оң жағындағы бір гектар алқап қара масаты көрпе тәрізді күеіп жатыр. Есебі, парға қалдырылған. Парға қалдырылған жер агротехникалық барлық шараларды уақытылы, мүлтіксіз атқарудың арқасында тынайды. Парға қанаттас екінші бір осы көлемдес алқапқа ақ қайыңның көшеті отырғызылған. Бір гектар алқапқа отырғызылған қайың тұқымынан 450 мың қайың көшеті өсіп шығады екен. Екі жыл күтіп, бапталғаннан кейін сатуға жарайды. Ал сол жақ қанатта қай қарағай. 2012 жылы топыраққа сіңірілген қайың тұқымының бір гектарынан орта есеппен 950 мың ағаш өсіп шығады. Қазір төңіректегі бірнеше ауылдан келген елуден астам адам питомникте еңбек етіп жатыр.

— Ел еңбектен қол үзіп кетті, — дейді Кіші Түкті орман шаруашылығының директоры Сүйіндік Исабеков, — шаруашылықтан маусымдық жұмыстарға адам табыла бермейді. Ел ішінде жұмыс жоқ деген жай сөз. Әйтпесе, көктемгі, жазғы маусымдық жұмыс кезінде адам қолы жетісе бермейді. Орманшылардың өз міндеті бар. Ал питомниктегі қосымша шаруада жұмыс істеген адамдар 50-60 мың тенге, еңбегіне қарай одан да жоғары табыс табады. Ауылдық жерде ол да тәп-тәуір жалақы емес пе? Кешегі кеңес заманында орман шаруашылығындағы тұрғын үйлер шаруашылықтың балансында болатын. Мұның өзі адамды еңбекке жұмылдырудың бір тетігі еді. Егер әлдебіреу жалқаулық басып немесе араққа салынып кетсе, тұрып жатқан үйінің мемлекет есебінде

болғандарының арқасы. Ал ағаш ұрлау соңғы 4-5 жылда сап тыйылған.

— Оның да өз себебі бар, — дейді шаруашылық басшысы Сүйіндік Исабеков, — елдегі отындық ағаш сұрағандарға уақытында босатамыз. Ал зейнеткерлер шаруашылық қассасына ақшасын төлегеннен кейін кесіп, үйіне әкеп береміз. Олар, тіпті орманға да бармайды. Осындай ыждаһатты іс өз жемісін береді. Өзіңіз ойлап қаранызшы, үйінде жағатын бір құшақ отыны болмаса, тұрғындар амалсыздан ұрлайды емес пе?

Әр кесілген елу гектардың орнына 80-85 гектар көшет отырғызылады екен. Кесілген ағаштың орнын толтыру үшін. Үстемелеп, артығымен. Көшеттің жерсінбей немесе басқа бір ауруға шалдығып, өспей қалатыны да болуы мүмкін. Сол үшін мөлшерлі межеден артығырақ егіледі.

— Ендігі бір мәселе — адамның туған табиғаттың тамаша келбетіне қылаудай кіршік түсірмей, аялай білуі, — дейді аға орманшы Боранбай Құрманов, — жаз айларында демалуға адам көп келеді. Қара үңгір көлінің жағасына тәулігіне екі жарым, үш мыңға жуық демалушының келетін кезі бар. Олар ас-суын

сату, отырғызу жұмысын жүзеге асыруының арқасында 30 миллион тенге қаражат тапты. Сол қаражатқа шаруашылыққа көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

жүзеге асыруының арқасында 30 миллион тенге қаражат тапты. Сол қаражатқа шаруашылыққа көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

жүзеге асыруының арқасында 30 миллион тенге қаражат тапты. Сол қаражатқа шаруашылыққа көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

жүзеге асыруының арқасында 30 миллион тенге қаражат тапты. Сол қаражатқа шаруашылыққа көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

жүзеге асыруының арқасында 30 миллион тенге қаражат тапты. Сол қаражатқа шаруашылыққа көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Оңтүстік өңірдегі Түлкібас ауданының шекарасындағы Шаппак ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөнкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

• Облыста
380304 гектар
орманды алқап бар. Оның **682**
гектары жекеменшіктің қолында.

• 2016 жылы **21** мәрте өрт шығып, **7,42**
гектар орман алқабы жойылып кеткен.
Ормандағы өрттен келген шығын **658,8** мың
теңгені құрайды. Ең көп өрт шыққан аймақ
Бұрабай баурайында. Бұл жерде өткен
жазда **14** мәрте өрт оқиғасы болған.

• Өткен жылы **25** мәрте заңсыз ағаш
кесу оқиғасы орын алған. **79,8**
текше метр ағаш кесілген.
Табиғатқа келтірілген залал
886 мың теңге.

қайыңдайды, кәуәп пісіреді. Сөйтіп, өрт шығу қаупін күшейтеді. Міне, осы кезде бір аттан түспейміз. Қарапайым пенде ретінде айтайын, орманшының еңбегі зор. Сырт көзбен қарағанда, жеңіл көрінгенмен, жауапкершілігі аптап азаматқа анық жүк болатын шаруа. Ал осы орманшының айлығы небары 30 мың тенге. Қолымыздағы қосатқы шаруашылығымыздың арқасында ғана күн көріп отырмыз. Ала жаздай ел қатарлы ағайынның алмасып келетін қуанышы мен қайғысына да төбе көрсете алмаймыз. Ұдайы жұмыстан сұранып кете алмайсың. Менің тағы бір түсінбейтінім, барлық мамандық иесінің атаулы күні бар. Сол күні олардың ішіндегі ерен еңбек сіңіргендері мақтау мен марапатқа ие болып, көңіл тоғайтып жатады. Ал орманшылар күні деген мереке жоқ.

Қат-қабат шаруа бір-бірімен астасып, бір-біріне ілесіп келіп жатады. Қара барқыт топырақты қак жарып шыққан титімдей

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Кокиетау

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Шымкент



түспалдаған жолаушылар сол ойдың жетегімен әрі қарай тарта береді. Біз де көп жолаушының бірі ретінде өте шығар ма едік, кездейсоқ осы жерде орнитологиялық станса барын естіп қалмағанда.

Сонымен, «Шаппак асуы қайдасын?» деп тартып кеттік. Шаппак асуы әлі де қыстың құрсауында екен. Шағын елді мекенді қар басып қалыпты. Телендіардан Батыс облыстағы қыс қыспағын көріп жүрміз ғой. Шатыры ғана қылтып тұрған үйді көргенде еріксіз танырқалдық. Шаппак орнитологиялық стансасында 20 жылдан бері қызмет жасайтын Рамазан Құдабаев бізді біраз жайттан хабардар етті.

Жалпы, орнитология терминін алғаш рет ғылымға XVI ғасырда Италия ғалымы У.Альдрованди енгізген. Орнитология — құстардың дамуын, физиологиясын, жер бетіне таралуын зерттейтін ғылым. XX ғасырдың 70-80-жылдары Қазақстан аумағында, оның ішінде бұрын аз зерттелген Тянь-Шань, Алтай тауларын, Бетпақдала өңірі мен Маңғыстау, Бозашы шөлейтті аймақтарын мекендейтін құстарға орнитологиялық зерттеу толық жүргізілген. Құстардың қоныс аударуы өзгеше бір әлем. Оның әуе жолымен ұшып өтетін бағытын зерттесеніз, талай құпияға қанық боласыз. Ғалымдар, орнитологтар құстарға сырға салу арқылы олардың популяциясының жағдайын, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрін анықтайды. Су құсын пайдалану,

ата асуындағы осы жазық жерге аялдайды. Ендеше, орнитологиялық станса салуға қолайлы орын емес пе? Демек, жыл құсының демалып өтер үлкен аялдамасы, *(балкім, әуежайы десек те жарасар)*, қасиетті Түлкібас аумағында жатыр! Бұл да табиғаттың бізге жасаған үлкен тартуы.

Орнитологтар солтүстіктен оңтүстікке қоныс аударатын қараторғай, шәуқарға, тағанак, торғай, тағы басқа да құстың Шаппак ата асуы арқылы өтетінін сақина салу арқылы анықтаған. Дәл осы асу арқылы құстың 200-ден аса түрі көктем мен күзде әрі-бері өтеді екен.

Ал осы кезде орнитолог ғалымдар екі жотаның арасындағы берік жіптен тоқылған үлкен торды биік бағанға керіп байлайды. Қоныс пішінді торға түскен құс қайта шыға алмайды. Өйткені, тордың артқы шеті бірте-бірте тарылып, құс сиятындай қуысқа айналады. Осы қуыс арқылы құс арнайы жәшікке түседі. Жәшікке түскен құсты зерттеушілер лабораториялық тексеруден өткізеді. Сирағына реттік саны жазылған сақина салады. Құс туралы барлық мәлімет арнайы журналға тіркеледі. Мұнан соң құс бостандыққа жіберіледі. Құстар әртүрлі қауіпті, жұқпалы аурулардың қоздырғышын *(энцефалит, арбовирус, гелминт)* денесінде сақтаушы әрі тасымалдаушы болуы мүмкін. Мұндайда дәрігерлер сақтық шарасын жасайды.

Сақина салу арқылы құстың қай аймаққа ұшып баратыны мен қанша жыл өмір сүретіні де анықталады. Мәселен, сақиналау әдісімен қалыптасқан шағала — 32, күміс түсті шағала 36, қараторғай 15 жылға дейін өмір сүретіні белгілі болған. Шаппак асуында және Алакөл көліне Испания мен Үндістанда сақиналанған торғайлар торға түскен. Сондай-ақ торғай тропикалық Африкада, сұр қарлығаш Африка мен Малагаскарда, тырна Оңтүстік Азияда, шақшақай Африкада қыстайтыны анықталған.

Сұхбат

Қашан көрсек те, жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын бұл кісіні Жамбыл ауданының тұрғындары «Биші ана» деп атайды. Оны көпшілік жақсы таниды. Есімін сұрай қалсаңыз: «ол Мейраш ана ғой», – деп жауап береді. Құжат бойынша аты Үмітжан екенін екінші бірі біле бермейді. Биші апамен тілдесу үшін Алматы облысы Жамбыл ауданының жергілікті журналисі Серік Сатыбалдиев арнайы барып қайтты. Ұзынағаштың тхыық көшесіндегі үйді журналистер: «Биші ана қайда тұрады?» деп сұрастыра тауыпты. Бойына бірнеше өнер қонған ерекше жанның сексен жылдан бері билейтіні расында ғажап. Оған Талдықорғанда өткен «Қарттардың да өнерге бар таласы» байқауынан ел куә. Онда Үмітжан Ботбаева «Ата толғауы» күйіне билеп, көрерменді таңқалдырған еді.

— Мейраш апай, өткен жолы Талдықорғанда өткен байқауда өнеріңізге талаймыз таңдай қақтық. Сіз туралы көпшілік білгісі келеді. Бұрыннан билейсіз бе?

— 1934 жылдың 1 мамырда Алматы қаласында дүниеге келдім. Туу туралы куәлікке әке-шешем «Үмітжан» деп жаздырғанмен, еркелетіп «Мейраш» деп атап кетті Тәй-тәй басқан күннен бастап әуелей шырқалған әнге, күйкылжыған күйге елітіп тұрады екенмін. Соны байқаған ата-анам үш жасымнан бастап той-томалақта билетеді. Жұрттың таң-тамаша болып,



Биші әже

ризашылықпен қошемет көрсетуі талабымды ұштай түсті. Ол кезде әкем ішкі істер органында жауапты қызметте істеді. Соғыс басталғанда әкем майданға аттанды. Сол уақытта ауылға көшіп кеттік. Соғыс аяқталған соң әкем елге аман оралды. Қалаға қайта қоныс аудардық. Бұл кезде жасым 11-ге толды. Алматыдағы егілгі №12-ші мектепте оқыдым. Сол жерде оқып жүргенде биші болып, кішігірім сахнаға шығып жүрдім. Опера театрында 1953 жылы өткен концертте «Айжан күй» биіне солист болып биледім. Сонда атакты Шара Жиенқұлованың назарына ілігіп, ел ішінен талантты өркенді іздеген қазақ биінің ханшайымы мені балет мектебіне оқуға қабылдады. Алайда анам Әділжан балет қазақ қызының табиғатына тән емес делі. Бөтен еркектің ел-жұрттың көз алдында бойжеткеннің қолына, денесіне қол тигізуін масқара ұят санап, үзілді-кесілді қарсы болды. Осылайша балет сабағының ғұмыры бір айдан аспады. Сол жылы соғыс салған жарадан әкем қайтыс болады. Мектеп бітірген соң анам құдаласып, жиырмаға енді толған мені Тарғап ауылына күйеуге берді. Осылайша жас кезімде үлкен сахнаға шығу бақыты бұйырмады.

— Дегенмен биден алыстамапсыз. Әлі күнге өңірімізде



ұйымдастырылған мерекелік шарадан қалмай қатысып жүресіз.

— Бұрын Тарғапта Үйсінбай деген кісі гармон тартатын. Әуен естілсе болды бір орында тыныш тауып тұра алмаймын. Шаршы топтың ортасына кіріп мың бұрала қосыла кететін әдетім бар. Қолқалаған тұста тартынбадым. Бұған жан-жарым Кеңес те түсіністікпен қарап, қолдады. Ауылдың той-жындарында басына ақ орамал

тартқан эппак жас келін гармон әуеніне шыр көбелек айнала билегенде, халық ерекше ықылас танытатын. Музыка ойналса болды, бар ынтам соған ауып, жан-тәнімен беріле, он екі мүше бір ығраққа бағынып, алпыс екі тамыры әуенге иіп сала береді. Мұндайда би қимылының көбі табан астында туындап жатады. Бейне бір тылсым күш оны ырқынан тыс жетелей жөнелегіндей көрінеді. Ұлттың тілі мен ділі, салт-дәстүрі үшін тер төгіп жүрген Күміс Кемелбекова 1986 жылы ауданда «Ақ әжелер» фольклорлық-этнографиялық ансамблің құрды. Сол уақыттан бері ұжымның бір белсенді мүшесі ретінде шаршамай-талмай өзбек етіп келеміз. Ансамбльмен бірге әлше-жақын талай шетелді, республиканың түпкір-түпкірін шарладық.

— Әжелер ансамблінің сахналық киімі сіздің қолыңыздан шығады деп естілді.

— Ою ойып, сырмақ сыру, құрақ құрау, ұлттық киім тігу, тоқыма тоқу сияқты іске жақындығым бар. Кимешектің астыңғы бөлігі — күндікті әдемілеп орай аламын. Бүгінде үл мен қызымнан алты немере, екі шөбере сүйіп отырған жәйім бар. Үш жасар немерем Кәусарды биге баулып жүрмін. Кез келген бидің қимыл-қозғалыстары адамның дене тәрбиесімен қатар жан тазалығына да пайдасы зор. Өзім бір уақыт билемей қалсам, ауырып қаламын. Билеген сайын өзін жақсы сезініп, жеңілдеп қаласын. Мен үшін би — өмірінің мәні, денсаулығымның тірегі.

Жастарға айтарым, аянбай еңбек етіп, белсенді өмір сүру керек. Би адамға жақсы көңіл-күй сыйлап, ғұмырын ұзартады.

Сұхбаттасқан Серік САТЫБАЛДИЕВ, Алматы облысы

Шірей тартылған қос ішекке ысқыш тиген сәтте үн құнығып шыққан. Қобызшы қыздың қарлығаштың қанатындай әнтек керілген қос қабағына жұп-жұқа мұң ұялаған тәрізді. Қос жанар да кіреукеленген. Бар назары, бар зейіні қолындағы қобызда. Қобыз дыбысы қарлығыңқы тәрізді. Асылында, бұл аспаптың дыбысы қыл ішектің алпыс талдық бірлігінен туындайды.

Ерсілі-қарсылы тербеліс кезінде қыл ішектің осы бір қасиеті тұрақты-тұрақсыз минитондар шығарады. Мысалы, Алаштың сан ғасыр бойы жан серігі болып келе жатқан қасиетті домбыраның шегі амплитудада жаңғырады. Түсінікті тілмен айтатын болсақ, дыбыстардың шашырауы әртүрлі бағытта өрбиді. Ал көне аспаптардың бірі — қобыздың қыл ішегінен бурдон шашырайды. Яғни дыбыс шығарғанда таңдай тілді емес, көмекей тілді пайдаланады. Осы құбылыстан бурдон-көмей дыбыстары пайда болады. Шынтуайтына келгенде, бұл құбылыс — домбырадағыдай жоғары-төмен тербелу емес, көз жанары жетер, дыбыс етілер кеңістікке сан алуан дыбыстың шашырай бұралып, жамырауы десе де болар. Демек, бурдон қыл ішектің және көмекей, тіл құрылысының табиғи түрде сәйкес келуінен барып туындайды. Сондықтан да өте күрделі. Қобызшыдан айрықша машықты, қажымас қайратты, ең бастысы, өзінің осы өнеріне деген құлай сүйер құштарлықты талап етеді.

Қобызшы қыз қобызын күйге келтірген. Бір қарағанда титімдей ғана көрінетін аспаптан мың сан әуен төгіліп жүре берді. Айрауық. Ықыластың күйі — Айрауық! Ықылым заманнан бері Алашқа айнымас серік болып келе жатқан қобызда ойналатын күйлердің алдында анызы бірге жүрсе керек-ті. Айрауық күйінің де жан дүниенді астан-кестен ететін анызы бар. Күй сарынан бөлек. Жөк күй сарынымен көмкерілген, бірге. Егіз.

Есте жөк ескі кезеңде Тайлақ есімді батырдың сыбызғымен шалған күйі екен деседі. Жалаңтөс батырлардың данқы артып тұрған заман. Данқы артып, абырой арқаламай қайтсін. Алтайдан Атырауға дейінгі сайын дала күн сайын дерлік жаугершілікті бастан өткеріп жатқан алағай да бұлағай күн. Тайлақ жау түсіргіш батырлығымен қоса, асқан шебер сыбызғышы екен. Сыбызғысымен сан алуан сарындарды төгіткен сәтте жердегі жылан да, аспандағы торғай да арбалып қанатын қаға алмай қалады деседі.

Бүкіл ғұмырын ат жалында өткеріп, ел қорғаған, жаудан қалқан болған Тайлақ батырдың ақ найзасын керегеге іліп қартайып отырған шағы екен дейді. Ел іргесіне тағы да ойламаған жерден жау келіпті. Адамға емес, сол адамның күнкөрісін айырып отырған жылқыға. Әлде қас батырдан кетіп алып, өшің қайтарғысы келді ме екен. Әйтеуір жасанған жау ауылдың бар жылқысын алдына салып ұйып кетсе керек. Тайлақ батырдың әкеге жете туған Секер мен Барак есімді егіз ұлы құлын дауысы қиядан естіліп, шұрқырап, шұбап жау алдында жөнкіліп бара жатқан қалың жылқыны қуа шығады. Мал ашуы, жан ашуы. Оның үстіне жылқысын жауға алдырған намыс. Алдында малы бар қашқын жау көп ұзап кетпесе керек. Қуғыншы топ жете айқасқан. Ай астында ақ сауыттар жаркылдап, алмас қылыштардың жүзінен нұр емес, қаһар төгілген. Қаһар қанмен боялған. Ақыр аяғында Тайлақ батырдың ұлы Барак жау қолынан қаза табады. Секер жаудан малды айырып, өз жылқысы өзіне олжа елге қайтады. Қайтқан малда қайыр бар. Ал қайыры да шамалы. Егіздің сынары Барак дау қолынан қаза тапқан. Егізін ат жалына өңкеріп келе жатқан Баракты көрген сексендегі қарт батыр сыбызғысын қолына алған. Перзентінің қайғысы. Азамат болып өсіп қалған, ат жалын тартып мініп ел қорғаған батыр ұлының қазасы жан жүрегің тілмен айтып жеткізгісіз ұлы запырандай қайнатып жіберсе керек. Ашы күй болып төгілген. Естіген жұрттың алпыс екі тамырын шымырлатып, ең жүрегін түршіктереді.

Күй құрылымы екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі сайын дала. Сайын далада күн кешкен азат, бостан, бақуатты халық. Қызылдықты, қызық өмір. Әзірге баянды бақыт. Егіз баланың ер жетуі. Ат жалын тартып мінуі. Кен көсілген кер далада астындағы желкүық тұлпарларын самал желмен жарыстырып, жүйкітіп шабуы. Жүйрік аттың үстінде өрікшіген өр көңілдің ең басты мақсаттарының бірі — туған елге қорған болу. Осының барлығы күй тілімен шебер суреттеледі. Дыбыс иірімдері нақ бір сыршыл күйшінің әсерлі әңгімесіндей жымдасалы.

Күйші қыздың қабағы әдепкіден де түйіле түсті. Мұнан әрі ауыспалы ұсақталып, күрделенген ырғақтар өзегінді өртей күйлі дүниенің астан-кестені шықандай санаң сезгізе, ойың онға бөлінеді. Күй желісіндегі айналымдар шығарманың трагедиялық мазмұнын барынша тереңдете түседі. Ұғып қарасаңыз, бұл егіздің бір сыңарынан айырылған Тайлақ батырдың зары. Сексен жылдық ғұмырында сансыз жорық-жортуылы басынан өткеріп, бейкүнә адамдардың көз жасы мен қаны сел болып аққан қаттығыс соғыстарды көп көрсе де, ұлының мезгілсіз ажалы түпсіз терен қайғыға батырған. Ал жан жарасы жылдам жазылмайды. Азалы күндер бір-біріне жетексіз жалғасып, еңсенді езіп, төменге тартып созыла бермек.

Күй мазмұны құлаққа сініп, одан жүрегіне жетіп тереңдей түседі. Күй желісі қаз қалпында басынан аяғына дейін қайталанады. Тек соңында әртүрлі ырғақтар күй әуенін түрлендіріп, тереңдете түседі. Асылында Ықыластың «Айрауықты» ащы күй орындаушыдан аса жоғары шеберлікті талап етеді. Өйткені, қос бөлімде бүкіл пенде ғұмырдың күнгейі



мен көленкесі бар. Қобызшы қыз,

Көкшетау қаласындағы Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің оқытушысы Нұргүл Нұрмышева Ұәлиханов ауданына қарасты Елтай ауылының тумасы. Бұрынғы Чапаев кеншіарына қарасты Бесінші декабрь ауылында өскен. Төртінші сыныпта оқып жүргенінде Алматыдан нағашысы, зангер Иман Сүлейменов шалғайдағы туыстарына соққаны бар. Сол сапарында кішкентай жиенін Алматыға ала кеткен. Болашақ қобызшыны. Әлде осындай өнері барын байқады ма екен. Байқаған да жоқ шығар. Байқаса — әулиелік. Ал оныкі жиеніне жақсылық жасау. Сөйтіп, Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы республикалық арнайы музыка мектебіне берілді. Бұл мектепте қазақтың талай дарынды ұл-қыздары оқиды екен. Арасында қазіргі күні алты Алашқа аты шыққан белгілі өнші Макпал Жүнісова да бар. Бесінші сынып. Халық аспаптары және үрлемелі аспаптар сыныбы. Осы сыныпта тұңғыш рет қолына қасиетті қобызды ұстап көрді. Әйтпесе облыс орталығынан тым-тым жырақта, облыс орталығын айтасыз аудан орталығының өзі күншілік жердегі



шалғайдағы Бесінші декабрь ауылына қобыз қайдан келсін. Рас әкесі Байтілеу домбыра тартатын. Сызылтып сырнайда ойнайтын. Қазақтың халық әндерін нәшіне келтіріп орындағанда күні-түні сахнадан түспейтін әнебір өншілерден бір кемдігі жоқ еді. Біржан салдың «Теміртасы» ше? Нұрбану анасы да өнерден құр алақан емес. Өнер шуағы шалқыған бұлардың отбасында тәлім-тәрбие алған ұл-қыздардың барлығы өнерге жақын болып өсті. Содан кейін ғой 1990 жылдары өлен қонған, ән ұшқан Көкше өңіріне танылған Нұрмышевтар отбасының ансамблінің құрылуы. Айнұр, Гүлназ, Баян. Қазір кенжелері Баян күллі қазақ еліне танымал, таңдайына бозторғай жұмыртқалаған ғажап өншілердің бірі. Қорғаныс министрлігі ансамблінің мүшесі. Республикалық телеарналар мен радио желілері арқылы халыққа танымал. Жалғыз өнші ғана емес, өз жанынан ән шығаратын композитор.

— Сол тұста елдің әбден ұлттық өнерге сусаған кезі ғой, — дейді Нұргүл Нұрмышева, — мен Шымкенттің мәдени-ағарту институтын бітіріп келгеннен кейін облыстық халық шығармашылық орталығында әдіскер болып еңбек еттім. Кеңес күрсауы шым-шымдап босатыла бастаған өліпара кезен. Қаншама жыл үзіліп қалған ақындар айтысы қайтадан ұйымдастырыла басталды. Дәл қазіргідей емес, сол уақытта елдің осы бір өнерге деген ықыласы, құштарлығы керемет еді. Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеев бас болып айтыстар ұйымдастырыла бастады. Тіпті ұлттық өнерді насихаттайтын арнайы бастамашыл топ құрылып, ел-елді, жер-жерді аралай басталы. Ондағы мақсат — ұзақ жылдар бойы тұншыққан, анығында, тұншықтырылған ұлттық өнердің тамырына қан жүгірту.

Ел ішіндегі тұмшаланған өнердің қоламтасын үрлеп жағуды балақандардан бастаған ләзім. Республикалық «Әнші балапан», «Сықырлы қазан», «Айналайын» тәрізді дүбірлі жарыстар өткізіле бастады. Мен облыс орталығында балаларға музыкалық тәлім-тәрбие беретін «Жұлдыз» студиясын құрған болатынмын.

Республикалық «Айналайын» байқауына жергілікті сазгер Иран Тасқараның сөзіне жазылған Арман Есжановтың «Айналайын» өнімен қатыстық. Сол сәт жадымда өшпестей болып жазылып қалыпты. Сарыарқаның сайын даласында көз жанары жетер кеңістік талайым толтырып, қызыл-жасыл жапырақтары самал желмен тербеліп, қызғалдақ көктемей ме. Ең даланың масайраған қуанышы атқақтаған сәтінде алыстан қол бұлғап қызықтырып тұратын тәрізді емес пе. Желмен жарысып, әлдебір әуенді сыбырлап, сыбырлап айтатындай. Жүздеген жас талап қатысқан республикалық «Айналайын» байқауы да дәл сондай жылы да жайдары, ыстық ықылас беретін. Көктемгі қызғалдақ гүл тәрізді көкөрім жастар жып-жылы жауыннан нәр алып қаулап өсетін тәрізді. Жып-жылы жауын алдымен алға қойған мақсат-мұраты, оған қоса өнерге деген елдің ықылас-пейілі. Сондай ғажап кезенді бастан өткердік. Ал қобыз. Қобыз туралы айтатын болсам. Мен келгенде Көкшетауда қобыз жоқ десем де болар еді. Домбыра туралы әңгіме жоқ. Киелі ән қонған Арқа өңірінде домбыра үзілмеген. Қобыз тансық еді.

— Мен мәдениет институтынан кейін Көкшетауға келген кезімде ұлттық өнердің үрдісі енді-енді ғана бауырын жазып жатқан еді, — дейді Нұргүл Нұрмышева, — бөгпе ұлттың баянды өнеріне кірпіяздау кенес заманы еді ғой. Мәдениет саласында да ұлттық өнерге мойнын бұратын мамандар қасқалдақтың қанындай аз. Әйтеуір, орталықта ұлт жанашыры Күміс Біләлова қызмет істеді. Ал облыстық мәдениет басқармасының бастығы Амангелді Жакыпбеков ағамыз қолдау, көмек жасады. Менің ойымша, күй өнерін ұғатындар аз деген сылтауды көп айта бермеу керек. Жалғыз қазаққа ғана емес, өзгеге де ұқтыру керек. Шымкент қаласында бір ғылыми конференция өтіп еді. Сонда «Ерден» күйін ойналды. Кейін орыс қызы келіп, күйдің жай-жапсары, мазмұн-мағынасы туралы сұрады. Сол сәтте менің төбем көкке бір-ақ елі жетпей қалды. Қазір колледжде «Қобызын киесі, домбыраның иесі» тақырыбында ауқымды жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ұлт аспаптарының тарихын, барша мүмкіндігін түсіндіруге тырысамыз. Ұлттық өнер өрісін жайып тұрса, ұлтымыздың бойында ұлық қасиет көп болады. Ұлболсын Двесоа, Дағиман Сүңкар тәрізді оқушыларым қыл қобыздың қасиетін жан-дүниелерімен ұғынып, әбден менгеріп алды. Қазір біздің колледж ұлттық өнердің жалауын аспандатып, биіктететін ғажап ортаға айналды. Бұл да басылықтың ұйымдастыра білушіліктің, ең алдымен, ұлттық өнерге деген жанашырлық нәтижесі.

Қобызшы қыз тағы да қыл қобызын қолына алған. Тағы да Ықылас. Ықыластың «Ерден» күйі. Аңыз айтады Тамалар мен көршілес жатқан қалың Найманның ішінде Бағанасы руының сол кезде өзгеден беделі асқан, Атбасар округінің аға сұлтаны Ерден Сандыбайұлының өмірімен өзектес. Ерденнің Әйменде есімді баласы қаза болады. Арқадағы жапсарлас жатқан ер Найман мен Таманың бір-бірімен жылқы барымталауы кезінде. Тамалар барымталанған көп жылқының ізімен Найман елінің аға сұлтаны Ерденге келеді. Келсе қайғы батқан жерде, қасірет басқан жұрт. Сол кезде Ықылас қобызын шалып, жқтау күйін сарнатады. Батыр Ерден, өзгеге сөз бермеген шешен Ерден күйге маталған деседі.

Күйші қобызды өршелене сілтейді. Бар дүние ұмытылған мұңлы-қулының аныраған қара түнін көріп тұрғандай. Күніреніп қобыз жылайды, егіліп Ерден емірinedі. Күй тоқтамайды. Адам туады, адам өледі. Арасы бар болғаны бір-ақ ғұмыр, ол қысқа ма, ұзақ па, мәселе, тіпті онда да емес. Бір ғұмыр дүниенің сүйіндіріп өтеді. Ал бір ғұмыр қарғыс аркалап күйіндіріп өтеді. Баяғы заманда Ықылас тудырған күй тудым, өлдім, тудым, өлдім деп бебеулеп жылап жатыр. Сәлден соң шыр етіп жерге түскен жас сәбиді құшақ жайып қарсы алған мынау жарық күннің шымырлаған шаттығында дүние дөселс тамылжиды. Күй шымырлап, құмғаға түседі.

Аңыз айтады. Осы күйді тартқанда Ерден егіліп жылаған деседі. «Бар болғаны мен мал ұрладым, малына мал қосып қайтарамын, айыбымды өтеймін. Мен қойдым енді. Жер де, су да, мал да, бәрін беремін, тек жыламамдар, ағайын!».

Қайтадан күй желісі Сарыарқаның сайын даласын кезіп кеткендей. Ысқыш қозғалысы қысқа-қысқа дыбыстарды



ажарландыра түседі. Сәлден кейін жарық сәуле. Күй де адам әйтпесе қоғам тағдыры тәрізді. Жарығын мол болғай, жақсы заман!..

Байкал БАЙӘДІЛОВ



Бір күні қызметтегі бөлmemнің есігі ақырын ғана ашылып, Әзілхан Нұршайықов кірді. — Рұхсат па екен? — дейді жымиып. Бүкіл Қазақстанды шарлап, жастарды да, жасамыстарды да тамсанып жүрген «Махаббат, қызық мол жылдар» атты кітаптың авторымен бұрын жүзбе-жүз кездескен, сөйлескен емес едім, еріксіз абыржып, ұшып тұрып:

— Төрлетіңіз, төрлетіңіз! — дедім. Ол жымиған калпы қолын ұсынып:

— Сәлеметсін бе, қалкам? Түр-әлпетің әкеннің келбетінен айнымайды екен, ол кісінің өзін көрмесем де, портретін Асыл апайыңның альбомынан көрдім. Иә, қалайсың? Шаруан шырайлы ма? — деді.

Екеуіміз он минут шамасы сөйлестік. Атамнан бастап, аға-апай, іні-қарындас, бала-шаға дегендей, баршамыздың аты-жөнімізді, жасымызды, қызметімізді сұрап біліп:

— Бәрекелді, Қабыш ақсақал тамыры тереңде, бұтағы көп бәйтеректей екен, бәрекелді! — деді. Өзі туралы қысқаша ғана айтты.

— Сізді сырттай бәріміз де жақсы білеміз, кітаптарыңызды құмарлана оқимыз, — дедім. — Солай ма? Бәрекелді! Ендеше, Ғаббас-жан, мен жаңадан бір кітап жазбақшымын, соған сендердің көмектерін керек, соны айта келіп отырған жайым бар.

— Айтыңыз, аға, айтыңыз! — Кешегі Ұлы Отан соғысымыздың тарихында «Брест қорғаны» деген тарау болмақ, мен соны жазсам деймін. Өзін де білетін әйгілі Брест камалын фашистерден қорғауда қыршынынан қиылған жауынгерлердің қатарында біздің қазақтар да болған және аз емес. Менің

сыйлаймын бұл дананы. Әз. Н. 26. 04. 1979 жыл. Алматы».


Жалпы Әз-аға сыйлаған кітабына қолтаңбаны қысқа жазбайтын. Өзіме сыйлағандарына қарай айтып отырмын. Әрбір қолтаңбасы бірер қайырым әңгімеге ұқсайды. Енді бір мысал келтірейін («Қаламгер және оның достары» кітабындағысы):

«Қымбатты Ғаббас-Ғабеке! Өткен жолы өзің құрастырған, Әнуар Әлімжанов туралы естеліктер жинағыңа байғазы беріп жіберіп едім, Бірақ менің қолыма «Әлем таныған Әнуармен» бірге «Екі хикаят» деген өз кітабың қоса келді. Оның байғазысын кейін берермін деп телефон арқылы өзіңе уәде еткенмін. Сол тамаша туындының байғазысы осы «Қаламгер...» болсын. Қабыл ал, бауырым. Зор құрметпен Әз. Нұршайықов. 20. 08. 2000 ж.».

Байғазы демекші, әу баста Әз-аға менің не нәрсені жақсы көріп жинап жүретінімді сұраған. Мен

ӘЗ-АҒА

(ЕСТЕЛІК)



Әз-аға мен Халима апай немересімен

қаламсаптың түр-түрін жинайтындымыз айтқанмын. Содан былайда ресми мерекелердің, туған күнімнің алдында маған жап-жана қаламсап сыйлайтын болды. Балаларының бірінен беріп жіберіп, телефонмен құттықтайды. Бірде: «Саған бұл жолы қайтер екен деп ескі қаламсап беріп жібердім. Ұнатпасаң, өзіме дереу қайтарарсың», деп күлді. «Ескі» қаламы: «Ғабеке! Бұл өзім жазып жүрген қаламдарымның бірі еді. Сізге сыйладым. Әз. Н. 21. 04. 2001 ж.» деген тілхат ала келіпті. Маған бәрінен қымбат сол қаламы болды!

Әз-аға кішіпейіл, қарапайым еді. Өмір, әдебиет жайында әңгімелесуді ұнататын. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов және Сәбеннің бәйбішесі Мәриәм апай, Қаныш Сәтбаев, Мұқан Иманжанов, Мәриәм Хакімжанова, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Хакім (Михаил) Есенәлиев, Әнуар



Баукең мен Әз-аға

Әлімжанов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев туралы тұшына сөйлейтін. Баукең қолында айтқанда ерекше шабыттанып, «бұным кітапта жоқ» деп алып, Батыр ағаның мінез-құлқындағы қызық жәйттерді айызы қана әңгімелейтін.

Республикамыздың қай тұсына барсам да, Сәбит Мұқанов ақсақалымыз есен-сау кезде жұрт алдымен Сәбенді сұраушы еді. «Сәбеннің денсаулығы қалай екен? Не жазып жүр? Біздің жаққа қашан келетінін білмейсің бе?» деп, әсіресе қарттар жарыса сұрақ жаудыратын. Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов туралы сауал да аз болмайтын. Өздері естіген жәйттерді пысықтап та отыратын. Мені Алматыда тұралы, өзі жазушы болған соң жазушылардың не істеп, не қойып жүргенін түгел біледі деп ойлайды ғой.

Әз-ағаның «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз» кітаптарын оқымаған қазақ аз шығар. Атым жеткен жердің бәрінде 2-3 таныс-білісім бар әңгіме-дүкен құруға кіріскенімізде олар сөзді әдеттегі сұрақтарымен бастайды да, сәлден соң кітаптағы оқиғаларды, кейіпкерлерді айтып, құлды кітапты толықтырғылары келгендей, кейбір оқиғаны әсірелеп те жібереді, пәлен кейіпкер болып сөйлеп те кетеді. Әз-ағаның облыстарды аралап, қайсыбір кейіпкерлерінің прототиптерімен кездесіп жүретінін де біледі. «Прототип» дегенді «бүкбейне немесе бүкпелбейне» деп айтса болмай ма? деп сұрақ қойғандары да есімде. Сондай кездесулерден кейін: «Анау қан майданнан аман-сау оралып, Халима апайдай ақылды жар сүйіп, бала-немерелерінің қызығын көріп, мұншама көп оқырманының құрметіне бөленіп жүрген Әз-аға қандай бақытты!» деп қуанатынмын.

Халима апайымыздың жаратылысы жайсаң еді. Әйелдің әулиесі деуші едім. Әз-ағаның, өзінің де жүрегі сыр беріп, аурухананы жиі төңіректеп жүргенінен өзінде қабақ шытқанын көргем жоқ. Жылы жымиып, байыпты сөйлеп, сырқат деген пәлекетті өзі де ұмытып, көңіл сұрай барған бізге де ұмыттырып, Әз-ағаның, оның дос-жолдастарының бір қызық жәйттерін айтып отыратын. Ардақты апайымыздың көңілін көтеріп бағайын деп барған менің өзім көңілденіп қайтатынмын. Ғажап жаратылысы еді-ау!

ПОРТРЕТ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Бірде қос аққудай екеуі ауруханаға бірге түсіпті. Іздеп барып, хал-ахуал сұрасып отырғанымыздың бір әредігінде Әз-аға маған жымылдап қарап:

— Ғабеке, кітап дүкенін аралаудан жалықпайтын қыдырмашысың ғой, маған бір керемет кітап керек болып тұр, «Последняя любовь Нельсона» деген, соны тауып бересің-ау деймін, — деді. Сонда Халима апай:

— Әзке, ол жағынан өзіңнен асқан қыдырмашыны көре алмай жүрмін ғой? — деп еді, ағамыз:

— Бәрекелді, сен ұпайыңды арттырдың! — деп қол соға күлді. Апай екеуіміз қосыла күлдік.

Тапсырған кітабын төрт күннен соң тауып, өзім әлдебір жакка баруға



асығыс болдым да, кенже ұлым Әзизден беріп жібердім. Екі күннен кейін күйеубаласы хат алып келді. Мына хат:

«Қымбатты Ғаббас! Жіберген кітабыңды («Последняя любовь Нельсона») ауруханада оқып бітірдім. Азапталып іздеп, ақыры тауып бергеніңе рахмет!

Осы кітаптың бірінші бетіне жазған тілегіңді (ендігі жастарға арнап, махаббат жайында жаңа роман жазып беру туралы), амандық болса, орындауға тырысармын.

Бірақ одан бұрын «Боздақтар» деген (101-ші атқыштар бригадасы туралы) бір әскери роман бітіруім керек.

Зор құрметпен, ризалықпен, — ағаң Әз. Нұршайықов.

P.S. Кітапқа жазып берген бұл автографыңды да үйдегі қолтаңбалар картотекасына кіргізіп қойдык. Бұл маған жұрт сыйлаған алты жүзден аса автографтың қатарына қосылды (бұрын берген автографтарың тағы бар ғой!).

P.S. п. Зада келін мен Әзекен мырзаға сәлем айт! Әз. Н.

15. 03. 1994 жыл.
Республикалық кардиологиялық Орталықтың ауруханасы, 2-кардиология (аритмия) бөлімі, №17 палата».

Бүгінгі жастар туралы жаңа роман жазуын өтінген себебім іздеттірген кітабының атына орай болатын, «Последняя любовь» сондай бір ойға жетеледі ме екен деп жорамалдағанмын.

Хатында атаған «Әзекен мырза» — менің кенже ұлым. Жолымды қуып, менен асып, түріктің ұлы әзіл-сықақшысы Әзиз Несиндей болсын деген тілекпен «Әзиз» атағанмын (Несинмен 1981 жылы Мәскеуде, жазушылар сөзінде танысып, біраз әңгімелескенбіз). Бала перзентханадан үйге әкелінгенін ести сала Әз-аға мен Халима апай көрімдіктерін алып жеткені ғой! Нәрестенің атын ырымдап қойғанымыз айтқанымда Әз-аға:

— Пәлі, ойын орындалсын, тілегін қабыл болсын. Ендеше, бұл мырзаны «қазақтың №1 Әзекесі» деп жүрейік! — деді.

— Жо-жоқ, қазақтың №1 Әзекесі — Сізсіз! Бұл күшік аман-есен өсіп жетілсе, нөмірін өзі тауып алар, — дедім.

— Солай ма? Олай болса, айналайын Ғабеке мен Зәке, бұл баламызды №2 Әзке дейік те, кейін №1 Әзке болуын тілейік! — деді Әз-аға. Сөйтіп, кенжеміздің өзімен сөйлескенде де, біз арқылы сәлем айтқанда да: «№2 Әзке» деп жүрді. Халима апай да солай атайтын болды.

Әз-аға аса ұқыпты еді. Қайда, қандай жағдайда болсын сөйлейтін сөздерін мәшинкадан өткізіп алып жүретін. «Мұнының қызық екен?» дегеніме: «Кейін керек болады» деп жымиятын.

Хат жазуға да ерінбейтін. Маған жолдаған бірнеше хаты қолымда...

Халима апай мен Әз-ағаның өзара ерекше жылы, ілтипатты қарым-қатынастарына қызығатынмын. Сол сезімнің әсері болар, екеуінің мерейтойына «ақындығым қысып» жазған мына арнау өленімді сыйладым:

ТОЙЛАРЫҢЫЗ ТОЙҒА ҰЛАССЫН!

Әулетімізге аяулы Әз-аға мен Халима апай! Егер мен ақын болсам, бүгінгі торқалы той иелері — Сіздерге арнап мынадай бірер шумақ өлең жазар едім:

Қатардағы көптің бірі, түзу тірлік пендемін, Қанағатпен қабыл алған тәжіріңің бергенін. Қашан болсын қарт пен жасқа тілейітінім — тазалық,

Қарапайым адал еңбек етіп жүрсе кім де кім. «Қарапайым». Осы бір сөз қасиетті маған да. Қалайда мен осы сөзден бір тиянақ табам да,

Қарап жүрем жан-жағымға көзіменен жүректің, Қатарынан озған, қалған алыс-жақын адамға... Қай мезетте, қайда болсын көретінім қос бейне: Қатар тұрған қос қайыңдай сыр ұғысып

төскейде. Қатар жүзген қос аққудай айдынында Ертістің, Қатар ұшқан қос көгершін «күбірлесің»

кей-кейде. Қатар жүрген қос құлындай, қос бота да тәрізді. Қай жағымға көз салсам да, көргім келмес

жалғызды. Қуанамын: сол қос бейне — Хал-апай мен Әз-аға. Құдай қосқан қос тағдырда тұтас жамтыр

жан ізгі. Қиқуы жоқ, қаңқуы жоқ, жулындырған

жыны жоқ, Қулық саумас, сұмдық саумас, аталмаққа «жақсы» боп. Қасиеті: дос іздейді өзіне де,

басқаға. Қасиетсіз болған емес, екіараға жағып от.

Қос бейненің: Хал-апай мен Әз-ағаның осы бір,

Қазекемде көп кездесес көркемдігін тұтып пір,

Қуанып шын, қалтарысыз тілейітінім бұл сәтте:

Қос ғажайып! Енді отыз жыл ғажайып боп жүре тұр!

Іні-бауырларыңыз — Ғаббас Қабышұлы.

«Жазшы!» деген — Әзиз Ғаббасұлы.

Қол қойып бекіткен — Зада Әзизшесесі.

1992 жылғы қарашаның 28-нші күні».

Әз-аға мен Халима апай мені балаша мәз бола құшақтап, алғыс айтты. «Ғабеке, арнау

жырын маған, иә, бізге айрықша ыстық болды. Аллитерация жасағанына қарағанда, ақындық өнерін де бар-ау?» деп Әзекен жымылды.

— Әз-аға, қалам ұстасымен өлең жазбаған қазекем аз шығар. Мен де жас кезімде ептеп жаздым, бірақ басқалардан артық жаза алмайтынымды сезіп, поэзияға көз сүзбедім, — дедім.

— Е, мен сияктанған екенсің, — деп Әз-аға ақырын ғана күлді...

— Нөмірі екінші Әзекеннің әкесі, сенің «Сағыныш сазы» кітабыңды оқып шықтым. Мен білсем, бұл — қазақ прозасындағы тұңғыш реквием-жинақ! Титульный листтегі тақырыбының астына «Реквием» деп қосымша тақырып қою керек еді, ескермегенсің ғой. Мен қатты толқымды. Кейде көңілім босап кетіп, көзіме жас келді, мен өзі ол жағына босанмын. «Қазақ әдебиеті» гәзетіне пікір-мақала жазуды жөн көрдім, — деді бір кеште телефон шалып.

— Әз-аға, оны өзіңіз біліңіз, — дедім. Шынымды айтсам, «реквием» дегені не екенін білмедім және «Ол не сөз?» деуге ұялдым.

Біраздан соң «Шет ел сөздері сөздігінен» іздесем, ол латын сөзі екен: 1/ заупокойное католическое богослужение; 2/ заупокойная месса; 3/ муз. произведение траурного характера для хора с оркестром.

Сонда менің марқұм қаламдас аға-інілерім, құрдастарым туралы естеліктерімнің жинағы немене болды? Жоктау ма?.. Жок! Ол — менің оларды сағынғанда қайта оқып жүруім үшін жазған естеліктерім. Сағыныш сазы, оған қосымша тақырып керек емес.

...2011 жылдың ақпаны туа Әз-аға телефон шалып:

— Ғаббас-жан, сенің Өскеменіңе барып келдім, жігіттер сәлем айтты! — деді көңілдене сөйлеп.

—«Азиаданың» алауын алып кетті деп естігенмін, қалай болды, шаршап қалған жоқсыз ба?

— Жок, шаршаған жоқпын. Көпшіліктің құрметі кісіні тынайтып жібереді ғой. Иә, «Азиаданың» алауын тік көтере топ бастап, бір жасап қайттым.

— Өзіңіз айтатындай, «Бәрекелді!», Әз-аға! Енді осы екпініңізбен тоқсанның төбесіне ту тігіңіз!

— Тігемін, қалкам, тігемін!..

...Тіге алмай кетті. Жазмыштан кім озған... 89 жас берген тағдыр кенет тарынып, 90-ның табалдырығынан аттауды қималды. Бір «жұмбақ» жәйтті еске алдым: Әз-ағадан екі апта бұрын атакты әніші апамыз Роза Тәжібайқызы Бағланова да, сонау жылы данқты партизан-



Ортада – Мәриәм апай Мұқанкеліні, сол жағында – Әзілхан Нұршайықов, оң жағында – Ғаббас Қабышұлы

жазушымыз Қасым Қайсенов те 90-ның есігін қағып, бірақ ашып үлгірмей кетті...

Әз-ағалда орындalmaған арман болды ма екен?..

Қаралы қауым алдында шөкірт шөбересі аяулы атасымен қоштаса сөз сөйледі. Таза да әдеби қазақ тілінде ересек қазақша жоктады. Әлде Әз-ағаға өзінен қалар қалам осы шөбересіне бұйыраын біліп, бірақ оның тырнақалды туындысы гәзетке шыққанын көре алмай арманда кетті ме, кім білсін...

Менің білетінім: Әз-ағаның әдеби мұрасын кастерлейтін қазақ көбеймесе, өсте азаймайды!

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ



Әз-аға гүл бағында

10 ЖҰҚ РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мұра

Көшпелілердің мыңжылдықтарға ұласқан Күн тұбіне жорытқан даңқыты жорықтары тарих қойнауына сіңіп текке жоғалған жоқ. Ол сол сахара көшпелілерінің қара шаңырағының иесі – қазақ халқының ой-санасында сақталып, рухани мәдениетіне негіз болды. Сондықтан көшпелілік өмір салты – әскери өнермен біте қайнасқан, сабақтасқан, салаласқан ерекше тұрпатты, төлтума мәдениетті дүниеге әкелді десе де болады. Соның айғағы «Ақсақ құлан», «Ел айырылған» күйлері, Доспанбет, Шалқияз, Қазтуған, Жиымбет, Марғасқа мұралары. Барлығы елдікке үндейтін, ерлікті мадақтайтын, батырлық рухқа толы алдаспан жырлар. Мұның түп негізі – көшпелілердің үнемі соғыс жағдайында ғұмыр кешуінде жатыр дер едік.

Қазіргі қоғамтанушылардың тілімен айтқанда, әскери-демократиялық құрылым жүйесі салтанат құрған Еуразия көшпелілері Еуропа отырықшылары от қаруларға ие болғанша әлемге ат үстінен қарады. Қашанда жинақылық, сергектік, жауынгерлік бапта болу – көшпелілер үшін ұланғайыр кеністікте еркін өмір сүрудің әрі басқалардан үстем болудың алғышарты еді. Ол заманда, әмнеде, ер жігіттің аты кермеде байлаулы, найзасы белдеуде сүйеулі тұрды. Ат жалын тартып мінуге жарайтын еркек кіндікті біткен төтеннен жорық дабылы қағылып, атой салынып, ата-баба әруағы шақырылғанда түгел дүрік көтеріліп, демде бөрілі байрақты тудың астынан табылып, лезде сүрен салысып жауға аттанып кете алатын. Отбасы, ошақ қасында жатып ауырып өлу – қорлықтың үлкені, ал түзде жау қолынан ажал құшуды Төңірдің сыйына балайтын көшпелілер, мейлі жорықта жүрсін, мейлі ел ішінде болсын, қайғыға беріліп, үйкүшік боркеміктерше күйкі ән айтпайтын. Тумасынан жаужүрек көшпелі жұрттың сарбаздарына қайғы баптап бордай езілу, күйректік таңғыту жат еді. Қайынның безіндей қатты, қарағайға қарсы біткен бұтақтай мықты болу, басқа түскен

келгенге ұқсайды. Әсіресе, ол мынау Қапқаздағы тау халықтарында күні кешеге дейін сақталып келсе керек. Оған дәлел атакты имам Шәмілдің мына бір әңгімесі.

Ресей отаршылдарына қарсы ширек ғасыр бойы қайтпай соғысқан Шәмілді бұл күнде кім білмейді?! Бір күні сол Шәміл кескілескен қанды ұрыстардың бірінен соң, аламандарына тыныс берген ес жиыр шақта бір жауынгерінің мұңлы әуенге салып отырғанын құлағы шалыпты. Сарбаздарын дереу дүрік көтеріп, сапка тұрғызған Шәміл әлгі әншіні қалың қолдың алдына шығарып қатаң ескерту жасапты;

шыңды бекініс қып, жау жасағын тосып жатқан Шәмілдің құлағына әлдеқайдан мұңлы әуеннің әлеіз үні талып жетіпті. «Кім де болса, ұстап алып жазаландар», – деп бұйырыпты. Жан дәрмен түн құшағына сүңгіген жауынгерлер, сәлден соң бастары салбырап, Шәмілдің алдына қайтып келіпті. «Қайда, әлгі заржақ, неге бос қайттыңдар», – деп сұрапты Шәміл. Жасауылдар етіктерінің басына қарап, ештеңе айта алмай күмілжі берген соң, қаны басына шауып, бойын ашу бұған Шәміл сауалын қайта қойыпты. Енді кешіксе, көсемдерінің қаһарына өздері ұшырайтынын сезген жауынгерлерінің бірі:



жартысынан бастап, ел ішінде қобызбен танды таңға ұрып, бағзы дәуір жырларын толғайтын жыршылардың азая түскенін, жұрттың жырдан гөрі әнге көбірек әуес бола бастағанын, соның салдарынан домбыраның қобызды ығыстырып келе жатқанын қынжыла баяндайды. Ал бізге жеткен ел аузындағы жыраулардың сипаты, тіптен бөлек. Аңыз әңгімелердің ешқайсынан да қолына домбыра ұстап, өлең айтқан бірде-бір жырау, би, шешен ұшыраспайды. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің Бұқар жырауды халық аңыздары бойынша суреттеуіне назар аударайық: «Орта жүз аргындағы төртұыл Қаржас Алтынторыдан шыққан Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш

жұмсалып келген күш-қуаты, ұзақ жылдарға созылған бейбіт заманда, бейнелеп айтқанда, «өзін қоярға жер таппады» шарқ ұрып сыртқа шығар санылау іздеді. Сөйтіп, сыртқа лықсыған бұла қуат халық жүрегін саф алтындай төлтума өнер формасында жарып шықты. Баяғы «нар балалары» енді ел кезіп, сауық-сайран салған сал-серілерге айналды. Бірақ соның өзінде олар өздерінің кешегі «нар баласы» екенін ұмытпай, өнерде де сол нарлықтың қолтанбасын қалдырды. Сөйтіп, «елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» дегендей отаршылдық қамытын киіп, өмір салты күрделі өзгерістерге ұшыраған қазақ жұрты жаңа дәуір көшіне ілкіті. Бұл уақытта тарих дөңгелегі XIX

ғасырдың белінен асып бара жатқан. (107-115 бб. Жүсіпбек Елебеков. Алматы, Өнер, 2013. Е. Төлеутай)

Ал қазір ХХІ ғасыр. Біржан сал, Ақан серілерден бері қанша уақыт өтіп, қазақ халқының өмір сүру формасы өзгеріске түсті. Көшпелілік өмірден қол үзген қазақ халқы ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап күштеп ұжымдастыру саясаты кесірінен алапат аштыққа ұшырап, қалған жақсысы мен жайсаңың 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде қуғынға салып құртты. Соғыс жылдары мен тың көтеру кезінде, Кеңес одағы дәуірлеп тұрған шақта ұлттың мәдениеті, тілі мен ділінен мүлде айырылып қала жаздап, тәуелсіздікке аяқ ілкірттік. Өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды. Сал-серілік өнер де құрып кетпейті. Тек сыртқы түрін өзгерткен, жаңаша жол тапқан. Сол сал-серілердің бүгінгі сарқыты бар екен.

«Ереккен – Ерлан Төлеутай өзі де, өнері де, танымы да, болмысы да бөлек адам. Бірнеше өнерді бір бойына сыйғызып, нағыз синкретті өнердің ХХІ ғасырдағы иесі – осы Ереккен! Оның зейнетінен бейнеті мол, көзге көрінбейтін көп жұмысының барлығында елдік деген ұғым жатады.

Оның марқұм Төкен – Таласбек Әсемқұловпен аз ғана диалог-ғайып уақытта пікірлес, сырлас, болып кетуінің өзі – екеуінің жан дүниесінің рухтас, үндес, өзектес болуында шығар. Екеуі бабалар рухымен тілдесіп жүретін сияқты. Мүмкін, тілдесетін де шығар. Әйтеуір, өткенді айтып, ноктасын көріп, кісінеп тұрады. Өйткені онда «солардан қалған жүрек» бар.

«Ділілеріне өркениеттік ынсап» кіргендер оның бабалар рухын ансариятуын консерватор деп «мойындағысы келмейді». Оның ән айтысында қазақы «салаттық» бар. Кейінгі мына бізде жоқ. Тым академичныймыз. Ал онда бар. Оның әндері де өткенмен өзектес, бүгінгімен үндес, сабақтас. Ереккен бұрынғының мұрагері, бүгінгінің бұйдалагері – деп баға берілгі майталман әнші, қазақтың классикалық ән өнерін біккес көтеріп жүрген Еркін Шүкімөн.

Осы аптала Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында әнші, композитор, өнертанушы, киногер Ерлан Төлеутайдың «Сал серінің сарқыты ол кешегі...» атты шығармашылық кеші өтеді.

жасында Абылай хан алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жаңдар бұл кісіні көмекші әулие деседі екен. Бір сөз білмейді, тек көмейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен».

Қазақта «Нар баласы бакырмас» деген сөз бар. Біздің елде Шон би (1828-1902) деген адам өткен. Оның әділдігіне, қайырымдылығына, тұрашылдығына сүйсінген, разы болған жұрт: «Телғозының Шоны – жақсылардың соңы» деп әспеттеп, ардақ тұтқан. Сол Шон бірде алқалы жиында көппен бірге мәслихат құрып отырса керек. Бұл XIX



ғасырдың соңы – ел өміріне мол өзгеріс кіріп жатқан уақыт, сонымен бірге ел ішінде ән өнерінің де салтанат құрып жатқан шағы дегендей. Шон отырған жиын да әңсіз, күйсіз болмапты. Ән шалқып, күй тартылса керек. Осы жиынның ішінде Шон баласы Ахметжан (1870-1932) да бар екен дейді. Бұрын әкесінен іменіп домбыра ұстамайды екен, сол жолы әнші, күйшілердің өнеріне елігіп, шыдамай кеткен болуы керек – Ахметжан домбырамен әнге басыпты.

Жұртпен бірге Шон би де үнсіз тындапты. Ән аяқталған мезетте елдің бәрі Шонның аузын бағыпты. Шон сонда: «Нар баласы бакырмас болар» деп Ахметжанды тыйып тастапты. Осы оқиғадан кейін Ахметжан мырза қолына домбыра ұстамай кеткен деседі.

Осындайда, онда неге «нар балалары» кейін өнерпаз атанды, сері болып, әншілік, күйшілік жолға түсті деген сауал тууы заңды. Осыған қысқаша жауап бере кетейік. Қазақ хандығы біржола құлап, ел тізгіні Ресей отаршылдарының қолына көшкеннен кейін сан ғасырлар бойы сақталып келген, сахара жұртының өмір сүру дағдысына айналған көптеген құндылықтар өзгеріске ұшырады. Жыраулар тарих сахнасынан кетті. Қара қылды как жарған ұлы билер институты жойылып, ел басқару жүйесі күйреді. Кешегі ел қорғаны батырлардың орнын екі ауылдың ортасын шан, екі рудың арасын дан қылған барымташылар басты. Бұрын тас түйін, жып-жинақы жауынгер халық, сауыққой, айт пен тойшыл, мейрамшыл жұртқа айналды. Ұлттың сан ғасырлар бойы жаугершілікке



Кештің басты мақсаты – ұлттымыздың ұлы музыкасын ұлықтау. Сан қырлы талант иесі Ерлан Төлеутай «Кеш сал-серілік өнерге, солардың ұлы рухына арналады. Біржан сал бастаған ұлы сал-серілердің өмірі мен өнерін паш етемін. Сал-серінің өнерді ұлықтаймын. Олардың трагедиясын тоқталамын. Көптеген әндер шығардым. Сол әндерім орындалады. Көбісі алғаш рет орындалмақ», – дейді. Осы кеште композитордың көптеген әні тұңғыш рет үлкен сахнаға жол тартқалы отыр.

Ардақ БЕРКІМБАЙ, журналист-зерттеуші

САЛ-СЕРІЛЕР САРҚЫТЫ

киыншылықтың ығында жүнжіп кетпеу – киіз туырлықты жауынгер жұрттың жаугершілік өмір салты шындаған берік ұстанымы еді. Өйткені, қайғыға салыну, зар төгіп, запыраң шегу – жауынгерлік рухты әлсіретпек. Рухы әлсіреген сарбаздың жауға атой салып шайқаспақ түгілі, қосын болып еруге жарамайтыны белгілі. Осындайда атакты Шынғыс ханның зарлауық, жыланқы ән айтқандарды қатаң жазалағаны еске түседі. Қайғылы ән-күй жайлаған мемлекеттің болашағы жоқ екенін осыдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген қытайдың ұлы тарихшысы Сыма Цянь да (б.з.б. 145-86 ж.) жазып қалдырған:

келгенге ұқсайды. Әсіресе, ол мынау Қапқаздағы тау халықтарында күні кешеге дейін сақталып келсе керек. Оған дәлел атакты имам Шәмілдің мына бір әңгімесі.

Ресей отаршылдарына қарсы ширек ғасыр бойы қайтпай соғысқан Шәмілді бұл күнде кім білмейді?! Бір күні сол Шәміл кескілескен қанды ұрыстардың бірінен соң, аламандарына тыныс берген ес жиыр шақта бір жауынгерінің мұңлы әуенге салып отырғанын құлағы шалыпты. Сарбаздарын дереу дүрік көтеріп, сапка тұрғызған Шәміл әлгі әншіні қалың қолдың алдына шығарып қатаң ескерту жасапты;

бұлжытпай орындаған екен деседі. Тау аңыздары осылай дейді.

Мұның бәрін неге айтып отырмыз? Әсілі, жылда, жоқтау, зарлау – ежелден әйел ғұрыпты дүние.

Ал, шын мәнінде, ел абыздары – дана жыраулар қолына домбыра ұстамаған ғой. Ертеректе қадау-қадау ғана өнерпаздардың қолынан табылатын қара домбыра – ілкілен сал-серілер аспабы. Содан болар, домбыраның бағы сал-серілер дәуірі – Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ заманында айылды; тынысы әншілік-күйшілік дәстүр қанат жайған Құрманғазы, Тәттімбет күйші, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит әнші дәуірінде кенді. Мұны ұлы ғалым Шокан Уәлихановта қуаттайды. Өз еңбегінде ол XIX ғасырдың екінші

САЛ–СЕРІНІҢ САРҚЫТЫ ОЛ КЕШЕГІ.... ЕРЛАН ТӨЛЕУТАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ



Кеш сал серілік өнерге, солардың Ұлы рунына арналады.

Біржан сал бастаған Ұлы сал–серілердің өмірі мен өнерін паш етемін. Олар сүйген сұлуларға, сал серілердің басынан өткен махаббат баандарына, сүйніш–күйніштеріне, тағдыр трагедияларына тоқталамын. Жалпы алғанда, сал–серінің өнер ұлықтаймын – Ерлан Төлеутай

СЕРІКТЕСТЕР



ЕЛЖАС ҚАЗАҚ АЙҚЫН



КЕШ ҚОҢАҚТАРЫ



Өтетін орыны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры. Уақыты: 9 сәуір, сағат 17:00, тел: +7 707 297 85 31, +7 727 398 62 44

Орайы келген әңгіме

— Қуат, қазақты жат жерде таныстырып, намысты қолдан бермей жүрген баһадүрдің бірі — өзіңсің. Қал-жағдайыңнан бастасак...

— Рахмет! Еліме, жанкүйерлеріме мың алғыс. Сыртта жүрсем де қолдау білдіріп, жағдайымнан хабардар болғысы келіп

Қуат ХАМИТОВ:

«ЖЕҢІЛСЕН, БӘРІ СЫРТ АЙНАЛАДЫ»

жүреді. Негізі бізді көтермелейтін де, орнымызға «қоятын» да — халық. Ұлт намысын қашанда биікке қоятын мен үшін, қолдаудың қаншалықты қажет екені сөзсіз. Қазіргі кезде қалымыз жақсы. Жакында, 21 сәуірде Ресейдің Владивостогында Fight Night тұжырымы бойынша әлем чемпиондығының белбеуі үшін айқасқа түсуге Тайландта дайындалып жатырмын. Елден жырақта жүргеніме 4-5 ай өтті.

— UFC жайлы жиі айтушы едің. Қазір оның ауылы алыстап бара ма, қалай? Жұрт соны білгісі келеді.

— Жок, бәрі ойдағыдай. Қалай болғанда да осы спортта жүрген әр спортшының арманы — UFC-дің туы астында өнер көрсету екені анық. Менің қазіргі менеджерім сол сайыстың қатысушысы және чемпионы болған. Маған Кытайда әлем чемпионы болсаң, сол биік белесті бағындыруға аттанамыз деген еді. Бірақ кейіннен UFC-ді басқа компания сатып алып, бұрынғы біз келісіп жүрген адамдармен қарым-қатынасты үзіп алдық.

— Қазір нақты қандай қадамдар жасап жатырсың?

— Ресейдегі жекпе-жекте чемпион атансам, беделді ұжымның есігін қағамын деп ойлаймын. Аталған тұжырым өкілдері өздері ұсыныс жасауы бек мүмкін. Бұрынырақта M-1, Fight Night бәсекелерінде топ жарғандарды шақыратын. Осы жылдың аяғында UFC-ге шығып қалармын деп үміттенемін.

— Қуат, сенің бірбеткей, ор мінезді екенінді білеміз. Бұл рингте пайда болған қасиет пе, әлде тегінде бар ма?

— Мінез тегімнен берілген. Бала кезімде отбасымызбен бір жағдайлы талқылағанда бәрі бірауыздан сөйлеп отырса, ішінде мен ғана өз ойымды білдіріп, пікірімді дәлелдеп, айтқанымнан қайтпайтынмын. Сол мінез шаршы алаңда да өте қажет, болмаса, қарсыластың астында жаншылып қалуың ғажап емес.

— Жакында Головкин туралы айтқаның қоғамда үлкен резонанс тудырды. Халықтың пікірі екіге жарылды. Теріс қабылдағандар да көп сияқты. Сол пікірін туралы сөз қозғасак...

— Менің пікірімнің дұрыс немесе бұрыс болуы басты проблема емес. Қандай жағдайда да ақиқатты айту керек. Кезінде Гена бауырымыз 2004 жылы



эллиндер жерінде өткен Олимпиадада екінші орын алып қалғанда, біраз жұрт одан теріс айналған. Головкин реңжігендей кейіппен Германияға кеткен еді. Спортта жеңіске жетіп жүрсен, қолпаштау көбейіп кетеді. Бір жеңіліске ұшырасаң, бәрі сырт айналуы мүмкін. Бүгін маған қарсы шыққандар, ертен менің сөзімді сөйлеп тұрмасына кім келіп?!

Геннадийді өз басым қатты сыйлаймын. Мақтан тұтамын. Сол үшін оның жеңілегенін қаламаймын. Онымен бәсекелес бола алатын тек Андре Уорд деп

СОҢҒЫ
КЕЗДЕ ЕРЕЖЕСІЗ
ЖЕКПЕ-ЖЕКТИҢ 70-77
КЕЛІ САЛМАҚТА APOC, WBO
ТҰЖЫРЫМЫ БОЙЫНША ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ, ХАЛЫҚҚА «НАЙМАН»
ЛАҚАП АТЫМЕН ТАНЫМАЛ ҚУАТ
ХАМИТОВ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ БЕЛСЕНДІ
ҚОЛДАНУШЫСЫНА АЙНАЛЫП ШЫҒА
КЕЛДІ. ҚОҒАМДАҒЫ ӘРТҮРЛІ КЕЛЕҢСІЗДІКТІ
СЫҒА АЛЫП ЖҮРГЕН ҚУАТ ГЕННАДИЙ
ГОЛОВКИННІҢ ЖЕЙКОБСПЕН ӨТКІЗГЕН
БОКСЫНА ДА ПІКІР БІЛДІРІП, ЖАНКҮЙЕРДІҢ
ПІКІРІН ЕКІГЕ ЖАРҒАН ЕДІ. ОСЫНЫҢ
АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН БІЛУ ҮШІН «ЖАС
ҚАЗАҚ» ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҒЫНЫҢ
ТІЛШІСІ ЧЕМПИОНМЕН
СҰХБАТТАСҚАН ЕДІ.

ойлаушы едім. Ал Дэниэл Жейкобс Альварес пен Уордтан әлсіз екені анық. Сол боксты тамашалағаннан кейін, менде сондай ой туған еді. Жасы да келіп қалды. Дәл қазір кетпесе де, аздан соң спортпен қош айтысуы керек пе деп ойлаймын. Бәріміздің ілеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы екені анық. Ел абыройын аспандатсам деп жүрген марғасқалар көп емес. Бәрінің тілеуін тілеп жүремін.

— Осы пікіріңнен кейін фанаттарын азайтып қалды деп ойламайсың ба?

— Мен көздейтін мақсат — елімді қайтсем де төрткүл дүниеге таныту. Әлемнің мықты тұжырымдарында өнер көрсетіп, қазақтың жауынгер халық екенін дәлелдеу. Фанат көбеюі мен азауы мені көп толғандырмайды.

— Мырза Еркенбеков сені жекпе-жекке шақырды... Оған қандай жауап айтасың?

— Мен оны танымаймын да!

— Рингте ғана емес, жеке өмірінде де белсенді азаматсың. Өкінетін сәттерін де бар шығар?

— Әрине, адам болған соң өмірдің бұраланы көп жолынан өтуге тура келеді. Аллаға шүкіршілік етемін. Тек жақсы жақтарды ғана айтып жүремін. Өзімді адам етемін деп, жүк тасушы да болдым. Жанармай құю бекетінде де жұмыс жасадым, көше де сыпырдым. Бастысы, адами қасиетімді сақтап қалдым. Кім ойлады мен сияқты қарапайым ауыл баласы үш дүркін әлем чемпионы болады деп? Еуропа мен Ресейдің ең мықты тұжырымы бойынша әлем чемпиондығына дайындалып жатырмын. Дүниежүзінің жартысынан көбі осы жекпе-жекті тікелей тамашалайтын болады. Сондықтан, өкінетін сәтім қуанышты кезімнен аз болсын деп жүрмін. Болашақ алда деп есептеймін.

— Өмірлік ұстанымың қандай?

— Елге қызмет ету. Мұқтажға көмек беру. Қарапайымдылықты сақтау. Ел абыройын асқақтату. Міне, осы тізбелеп шыққандарымын барлығы өмірлік ұстанымым. Құр сөз емес, істің адамы болып қалу керек, сонда ғана ұлттың,

елдің алдында қарыздар болмаймын деп ойлаймын. Өмірде қанша адам бар, сонша пікір бар. Мені сынағандарға еш өкпем жоқ. Елшімнің аузына қақпақ болғым да келмеді. Әркім сөз бостандығына құқылы. Бастысы, мен өз ұстанымдарымен жүремін. Арқалаған жүктің ауырлығы сезініп жүрген соң, межелі жерге абыроймен жетуді көздеп жүрген жайым бар. Мендегі үлкен мақсат сол ғана.

Сұхбаттасқан
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ

САҢЛАҚ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Әмин Тұяқов пен Ғұсман Қосановтан кейін әлемдік деңгейде бәйге алған қазақ жүйрігі болған жоқ. Нақты дерекке сүйенсек, Ғұсман Қосанов пен Әмин Тұяқов 100 метрді 10,2 секундта артқа тастап, Еуропадағы ең таңдаулы желаяқтың бірі атанса, содан бері 55 жылда бұл қашықтықта екеуінен озған Алаш баласы болмапты. Ғұсман ағамыз қазақ жастарынан шыққан тұңғыш Олимпиада жүлдегері. Ол кісі 1960 жылғы Рим Олимпиадасының күміс жүлдегері, КСРО-АҚШ бәсекесінің жеңімпазы, Кеңес одағының ведомствоаралық чемпионатының алтын жүлдегері, КСРО рекордшысы, Украина мен Молдавияның бірнеше дүркін чемпионы.

1965 жылы 24 шілдеде Әмин Тұяқов 200 метрге жүгіруде 20,6 секунд нәтижемен Кеңес одағының рекордын жаңғыртты. Әминге дейін екі дүркін Олимпиада жүлдегері Борис Токаревтың 200 метрдегі одақтық рекорды 10 жыл бойы мұрты бұзылмай тұрды. Міне, қараңыз, қазаки болмысы бұзылмаған, әкесі мен анасының қанына арақ-шарап, доңыз еті араласпаған, сайын даланың тұнық ауасын еркін жұтқан



алаштың қос саңлағы XX ғасырдың 60-жылдарында жұмыр жердегі ең үздік спринтерлердің қатарына еніпті. Әмин мен Ғұсманның сол тұстағы ұшқыр секундтарын Азия мен Еуропаның қазіргі жүйріктері зорға бағындырып жүр.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты деректерге жүгінейік. 2002 жылы Бұсаңдағы Азия ойындарында Сауд Арабиясының желаяғы Жамал әл Саффар 100 метрді 10,24 секундта артқа тастап, жеңімпаз атанса, 2006 жылы Дохадағы Азия ойындарында тағы бір араб спортшысы Яхия Хабеб 100 метрге жарысуда 10,32 секундпен алтын тұғырға көтерілді. 2006 жылы 200 метрде топ жарған жапон Шинго Суэцукудін көрсеткіші — 20,60 секунд, ал бір миллиардтан астам Кытайдың намысын жыртыған Ян Яошудың нәтижесі — 20,71 секунд. Біз жеңіл атлетиканың жілік майын шаққан маман немесе осы саладан диссертация қорғаған ғалым емеспіз. Біздікі бұлтартпас деректер арқылы араға қырық жыл түскен нәтижелерді салыстыру, ой қозғау ғана.

Егер қазіргі стадиондардың «озық» төсеніштері мен «жүйрік» шиповкалары, бүгінгі таңдағы құш-қуатты еселейтін дәрі-дәрмек сол кезде болғанда, біздің ағалар Усейн Болттың қазіргі рекордтарымен «үзенгі қағыстырап ма» еді, кім білсін.

Иә, тізгін бермей, зымырап бара жатқан уақыт. Ғұсман ағаның да бақылық болғанына 27 жылға жуықтапты. Сексенінші жылдардың екінші жартысында арнайы сәлем беріп, жолығып тұрушы едім. Ол кезде Ғұсман аға республикалық спорт мектебінің директоры, көп сөзге жоқ, сабырлы, мәдениетті адам еді. Бір жолы Қазақстан құрамасындағы Айдар Әбділдин бауырымыз 100 метрге жүгіруде 10,2 секунд нәтижемен ірі жарыста оза шауып, сол екпінмен ағаға бара қалдым. Сонда Ғұсман аға Айдар інісінің табысына көдімгідей қуанып еді. Неге екенін қайдам, бұдан кейін Айдар замандас көрінбей кетті.

Ғұсман досымен егіздің сынарындай, отыз жыл жұбы жазылмаған Әмин аға жақында ғана кіндік қаны тамған Маңғыстауға барып қайтты. Маңғыстауға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сапарына орай облыс басшысы Ералы Тоғжанов Әмин Тұяқовты арнайы шақыртқан екен. Сексен жастағы тарлан жүйрік осы сапар Нұрсұлтан Әбішұлымен жүздесіп, достарымен, ағайындарымен шүйіркелесіп, бір жасап қалды.

Енді Тұяқовтың өз аузынан шыққан мына бір әңгімеге құлақ түріңіздер.

— Кеңес одағының құрамасына 1961 жылы алындым. Содан алпыс сегізінші жылға дейін Одақтың айтулы желаяқтарымен бір сапта болдым. Ол бір тұтас ғұмырға татитын жылдар еді ғой. Қазір тілеулестерімнің есінде жүрсем — сол күндердің арқасы деп білемін. 1962 жылы тамыздың 13-жұлдызында 200 метрді 21,1 секундта артқа тастап, тұңғыш рет Одақ чемпионы болдым. Бұл қашықтық бойынша 1962-1967 жылдарда Одақтың бес дүркін чемпионы атандым. 1965 жылғы

одақтық рекордым (20,6 секунд) 1968 жылға дейін сақталды. 1965 жылы КСРО-АҚШ арасындағы айтулы эстафеталық сында Ғұсманмен бірге Кеңес одағының рекордына қол жеткіздік. 1963, 1967 жылдары КСРО халықтарының жазғы спартакиадаларында 200 метрде бағым жанды. 100 метрге жүгіруде Одақ біріншілігінде үш күміс, үш қола жүлде алыппын. Екі рет Еуропа кубогіне таласып, бір алтын, бірнеше күміс, қола медальға ие болыппын. Мұның бәрін мақтан үшін айтып отырған жоқпын. Кейінгі жастар білсін, намысын жанысын деген ой ғана.

— 1964 жылы Токио Олимпиадасына талассыз барып тұрып, шілдерлеулі жүйріктің күйін кешкеніңізді көрмесек те, көргендей күйзелеміз...

— Әй, інім-ай! Бәйге біткенін беделдісі — Олимпиада жолдамасына

XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕҢ ЖҮЙРІК ҚОС ҚАЗАҚ!

қолың жетпесе, ешкімге өкпен жоқ қой. Мойның озық бола тура бәйгеге қоспау — Батыраштың Құлагерді омакастыра жыққан әрекетіндей оспадар тірлік емес пе. 1964 жылы жағғытұрым Киевтегі жарыста 100, 200 метрде ешкімге дес бермедім. Бұл кезде КСРО құрамасының бапкері Леонид Бартенев екеуіміз ілігісіп қалып жүрді. Құлайдың берген мінезі бар дегендей. Жөнсіз қылығын бетіне басамын. Басынан сөз асырмауға дағдыланған жан бұған қалай шыдасын. Бір-екі рет: «Кейін өкінебі!» деді. Мен кішірейе қоймадым. Осының бәрі Бартеневтің көкірегін қыжылдастып жүргенін Токиоға барғанда бір-ақ білдім ғой. Белімнің сәл ауырғанын сылтау қылып, эстафеталық сыннан қағып тастады. Бартенев менің орнымға бұрын мұндай дұға түспеген Борис Савчукті қосты. Сөйтіп, сол тұстағы аузыммен күс тістеген кеңес эстафеталық құрамасының бірнеше жыл қалыптасқан жүйесі бұзылды. Савчук Ғұсманың өзгелерден оқ бойы бұрын жеткізген таяқшасын қолынан түсіріп алып, жерге қаратқаны. Ол ес жиғанда, үш-төрт жүйрік алдына түсіп кетті. Сол мезетте ішім ұдай ашылды. Көзіме жас үйірілді. Кейін жігіттер «Әмин жүгіргенде, Олимпиада «алтынын» алар едік», деп талай рет бармақ шайнады. Өкінгеннен не пайда?!

Иә, ол кезде жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты өтпейтін еді. Әмин мен Ғұсман 1965 жылы КСРО-АҚШ бәсекесінде 1964 жылы Токио Олимпиадасында топ жарған америкалық жүйріктерді басып озды. Бұл дегеніңіз — бүкіл жер шары бойынша талассыз жеке-дара шығу деген сөз. Әмин Тұяқовтың Еуропа құрлығындағы жеңістері өз алдына бір төбе. Сол тұста Еуропаның ұшпа жүйріктері жер дүниені дүркіретіп жататын. Ендеше, Америка мен Еуропадан озған Әмин мен Ғұсманды сол кезеңдегі дүние жүзінің ең айтулы жүйріктерінің қатарында тұрды десек, қателеспейміз.

...Әлі есімде. 1991 жылдың шілде айы болатын. Анкасы кепкен Алматының көшесі — көлікке, жалғызаяқ жолы — жүргіншіге толы. Сусын сататын сары бөшкенің маңы шұбатылған халық. Жұрт әр тұстан жылдамдата жетіп, бір-бірінің өкшесін баса



кезекке тұрып жатыр. Мен өзге нәрсеге шөліркеп келем, біздер шыр етіп дүние есігін ашқан шақта жалпақ дүниені дүркіреткен жүйріктің әңгімесіне қансам деймін.

Ойыма белгілі әдебиет сыншысы Қалтай Мұхамеджанов ағаның әлгіндегі сөзі оралды. Әмин ағамен қол алыса бере: «Мына шашты Ғұсман екеуін ағарттыңдар», дегені. Үніндегі ілтипат тұла бойымды шым еткізген. Әмин ағаның айыпты адамдай қысыла күлімсірегені, Қалтай ағаның самай шашын жәйімен сипағаны көз алдыма қайта жаңғырды. Бір бүйірін Әминдей санлақтарға деген бөлек сезім жалытып жүретін жандардың көкейіндегі сөз тобықтай боп Қалтай ағаның аузынан шыққандай көрінді маған. Әй, шіркін-ай! Қалың жұртын жұлдыздай ағып жалдыратқан жүйрікте не арман бар екен! Озсан — жарқырап, сүрінсен — жүдейтін ұзақ жылғы жан толқынысы самайды қырау боп шалса, одан артық желаякқа қандай бақыт керек.

Әмин аға Ғұсман досына адал. Тоқсаныншы жылдардың басында жүгіріп жүріп, Ғұсман Қосанов атындағы дәстүрлі ірі халықаралық жарыстың тұсауын кесуге жанын салып атсалысты. Құдайға шүкір, сол жарыс әлі күнге дейін түтінін үзбей жалғасып келеді. Біз болсақ, желаяқтар жер тарпыған бәсекелерден бір бауырымыз олжа сала ма, деп құлағымызды түріп жүреміз. Бір кездері, нақтылай айтсақ, 1961-1967 жылдары Кеңес одағы эстафеталық құрамасындағы төрт жүйріктің екеуі қазақ болатын әлі күнге кеудемізді қуанышқа бөлейді.

Иә, Әмин мен Ғұсман ағаларымыздың жер-дүниені дүркіреткен сол бір жеңістері қазіргі жастарға аңыз-ертегі тәрізді. Егер ауыл-ауылдан талмай іздеп, дұрыстап іріктеп, жүйесін тауып баптасақ, қазіргі қазақ баласынан талай желаяқтар шығатыны анық. Ендеше, жер-жерде спорттың тізгінін ұстаған алаш азаматтары Әмин мен Ғұсман ағалардың сонынан қос ат мініп қуатын мезгіл жетті. Бұл істі сіздер атқармағанда, кім атқарады?!

Қыдырбек РЫСБЕК



Мәскеу тұрғыны Анашка Хажымұрадова қайтыс болған атасының заттарының арасынан XVI ғасырдан бері сақталған Құран кітабын тауып алады.

БААДӘУІРЕН

Мен балалық шағымды есіме алатын болсам ең алдымен көз алдыма ауыл көрінісі келеді. Әжемнің тәрбиесінде өстім. Жанұямда алты қыз тәрбиелендік.

ғана ауылда туылыппын. Ал атамның бар арманы ұл немересін бір көріп кету болған. Апам мені жөргекке орап атамызға алып келеді. Өліммен өмірдің арасында жатқан атамды кинағысы келмеген апам мені ұл деп айтады. Атам сонда да ұл болса ашып көрсетші дейді. Апам сонда атама «оны қайтесін, ұл дедім бе, ұл бала міне, көзі бақырайып жатыр», — деп жөргекті ашапты. Сол сәтте атам қуанған күйінде өмірден озған екен.



Сондықтан қыздың жұмысы, ер баланың жұмысы деп болмейтінбіз. Даланың да, үйдің де тіршілігін жасаймыз. Мен бесінші сыныпты аяқтаған



Зәуре КӨПЖАСАРОВА,
актриса, «Серпер»
сыйлығының лауреаты

Міне, сол күннен бастап апам мені ұлға ұқсатып тәрбиеледі. «Бұл атасын арманда кетірген қыз, бұған ешқайсысың тиіспендер», — деп әбден еркелетіп өсірді. Өзімді ұл сезініп жүретінмін. Тіпті тір көтеріп жаттығатын кезім болған. Тіпті мектепте ұлдармен күш сынасып, мектептің атаманы болдым.

БӨТЕЛКЕМДІ БІР ЖЫЛ БОЙЫ ЖАСЫРДЫМ

Алғаш мектепке барғанда апам мені арқасына аркалап апаратын. Өзім сүтті қатты жақсы көремін. Бөтелкеге сүтті құйып алып ішіп жүретін кезім. Бөтелке шишадан жасалған. Соскасы сары үлкен болатын. Бір күні апам «Қызым сен үлкейдің, енді сосканы кой мектепке барасын», — деді. Жарайды деп айтқаныммен сүтті қимаймын. Сабакқа баратын кезде сүтті дайындап бөтелкеге құйып сөмкеме салып қоямын. Мектепте 15 минуттық үзілісте барлығы сыртқа шығады. Қасымда отыратын Кенжебек деген баланы алып каламын. «Сен

шықпайсың. Есіктен қарап тұр. Мен сүтімді ішіп алайын» — деймін. Ол барып есіктен қарап тұрады. Мен партаға жантайып алып рахаттанып бөтелкедегі сүтімді ішемін. Парталасым біреу келе жатыр дегенде бөтелкемді сөмкеме салып қоямын. Бір күні бөтелке салып жүргенімді апам біліп қойды. Немене сөмкең ауыр деп ашып қалса, ішінде үлкен бөтелке. Апам ұрсып, болды қызым сен енді үлкен қыз болдың деп бөтелкемді алып алды. Сонда да бірінші сыныпты бітіргенімше жасырын бөтелкемді апарып жүрдім. Қасымдағы Кенжебек білсе де сырымды ешкімге айтпады. Себебі менен қорқатын. Айтсаң ұрам деп үрейін алатынымын.

Дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

ҚЫЗЫНА КІТАП

Үлкен көлбұға құсын ақтөбелік жұмысшылар тауып алған.

Тұмсығы ұзын, қанаты кең құсты тұрғындар жұмыс орнына алып кетіп, өздері жылынатын шағын вагон ішіне сақтап отыр. Ғаламтордан қанаттының түр-тұрпатын іздеп көріп, «Қызыл кітапқа» енген үлкен көлбұғаға ұқсатқан.

Ақтөбеге көлбұға қайдан келді?

кездесетін құс тобынан ажырап қалған деген пікірде.

Вaq.kz хабарлағандай, қалалық жас натуралистер стансасы директорының орынбасары Гүлмира Әбікаева табылған құсты қабылдаймыз деп отыр. Оның айтуынша, үлкен көлбұғаны біздің жағдайға бейімдеу қиындық туғызуы мүмкін.

Айта кетейік, негізінен сулы, қамысты жерді мекендейтін үлкен көлбұға еліміздің онтүстігінде қыстайды. Сондай-ақ жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұрған құс ретінде Литва, Латвия мен Польшаның Қызыл кітабына енген.



Құранды сақтады



Қасиетті кітап Сирияда басылған екен. Кітаптың құны тым жоғары болуы мүмкін деген сыбыстан кейін ол Құранды аукцион арқылы

сатылымға шығарады. «Біз екі сараптама жасатып, Құранның XVI ғасырға тиесілі екенін анықтадық. Лондонда маған бұл кітап үшін 12 миллион ұсынды, одан кейін бағаны, тіпті 45 миллионға да көтерді», — дейді Анашка. Алайда әйел құнды кітапты сатып, баю туралы ойынан тез айнады. Ол Құранды мешітке тегін беру керек деп шешім қабылдапты.

life.ru

ӨМІРАҢ ӨЗІНЕН

Ұйқыға жатар алдында тамаққа тынқнып алатын қазақ емеспіз бе! Күнделідей тынқнып алдық. Сосын мен телефонымды құшақтап, төсекке құладым. Апаым сериал көруге, әкем кешкі жаналықтарды тыңдауға отырды. Жиенім компьютерін іске қосты. Ешкімнің ешкімде жұмысы жоқ. Бір кезде әкем күнделі дағдысын бұзып, аяқ астынан телевизордың дауысын баса салды да: — Осы терезеге салатын әйнек қымбат тұра ма? — деп маған қарады.

— Білмедім, — дедім мен жалма-жан күн сайын Қаңқа тықылдататын тереземе көз тастап, — әйнектер бүтін сияқты ғой. Жайша сұралыңыз ба? — Қаңқа бір күні сенің тұсындағы терезе әйнегің сындырып тыныш табар, — деп әңгімеге апаым араласты. — Өзі бүгін көрінбейді ғой. Апаымның осылай деуі мұн екен, терезе де тықылдай жөнелді. — Бар. Сенің Қаңқан келді, — деп апаым күліп жіберді. Амал жоқ, созыландай тұрдым да, сыртқа беттедім. Шықсам, сол баяғы «менің Қаңқам».

— Осы сен, Қаңқа, түн ішінде терезе тықылдатып жүргенше, сұрайтыныңды телефонмен неге сұрай салмайсың, а? — деп едім: — Адамның өз аузынан естіген дұрыс қой, — деп «менің Қаңқам» ыржиып күлді, — сен одан да маған мынаны айтшы. — Е, не сұрайын деп-ен? — Сұрайын дегенім, осы ФБ деген немене, а? Оп-па-наааа! Құдай біледі, бір қызық болайын деп тұр. — Ол енді, Қаңқа, қысқартылып жазылған нәрсе ғой. Жайша ма? — Өзім де солай ойлап едім, — деп Қаңқа көңілсіздене қалды, — ФБ деген сонда Федя деген орыстың аты емес пе? Мына әңгіме маған қызық бола бастады. Ұйқым да шайдай ашылды: — Солай да болуы мүмкін. Олай болмауы да мүмкін. Мұны қайдан шығарып ап жүрсін өзің, а, Қаңқа? — Бағана, дәптер іздеп жүріп, Сәзімталдың дәптерін ашып қалсам, «ФБ-ға кіруім керек» деп жазып қойыпты.

— Сосын?

— Сосын... ары ойладым, бері ойладым, бірақ Ф-дан басталатын қазақтың есімін таппадым. Содан Федя деген орыс шығар деп ойладым. — Онда Сәзімталдың өзінен сұрамадың ба, Федяң кім деп. — Өй, қызықсың ба, сен! Ренжіп қалады ғой?

ФБ деген
Средя ма?

— Сен қызық екенсің, Қаңқа. Анығына келгенде, осы ФБ деп тұрғанының өзі, менің ойымша, орысша емес сияқты. Шетелшеге ұқсайды. Ал шетелшені сен менен жақсы білесің ғой. — Солай ма? — деп Қаңқа ойланып қалды. Бір жағынан, «Шетелшені менен жақсы білесің ғой» дегенім өзіне ұнап та қалған сияқты. — Онда мен кеттім. Шынымен де ұйықтамасам болмас. Енді не болса да, ертең көре жатармыз деп Қаңқа кілт бұрылып, қақпадан шығып кетті.



P.S. Ұйықтап кеткен екем, тағы да терезе тықылдап оянып кеттім. Қарасам, Қаңқа қайта кеп тұр. «Не боп қалды?» — дегендей ымдадым. «Жаңа Секенайға телефон соғым, сұрап едім, — деп сыбырлады Қаңқа, — ол маған «ФБ дегенің «Фейсбук қой. Қалғанын ертең түсіндіремін», — деді де, ар жағын айтпады. Яғни мана мен ойлағандай, ФБ дегенім — Федя емес, Фейсбук екен. Ойлап қарасам, қыз баланың есіміне ұқсайды. Әйтеуір еркектің есімі емес. Бәсе, Сәзімтал шетел еркегінің есімін дәптеріне жазбаса керек еді. Ертең өзінен сұраймын ғой. — Не деп? — Енді... Фейсбук деген досың қай елдің қызы деп. Осылай деп сұрасам, Сәзімтал ренжімейтін шығар, ә?

Марат МАДАЛИМОВ

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші

Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Рүслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМедов

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,

93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67

(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2113;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.